Сыр бойы

№122-123
(19605-19606)
18 ТАМЫЗ,
СЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ | WWW.SYRBOYI.KZ

Биыл ұлттың әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілі Мырзабек Дүйсеновтің туғанына 90 жыл. Осыған орай Сыр елінде «Рухани жаңғыру және ұлттық әдебиет» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Жиында республикаға белгілі ғалымдар мен ақын, жазушылар Мырзабек Дүйсеновтің шығармашылығын, ғылыми-танымдық туындыларын талдап, естеліктермен бөлісті.

ҰЛТ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ҰЛЫҚТАҒАН ТҰЛҒА

Сыр елі – сонау Қорқыт бабадан басталатын өлең-жыр, өнегенің алтын тін арқау жібін үзбей бүгінге жеткізген аймақ. Қызылордадай қазақтың нағыз рухани орталығында өскен Мырзабек Дүйсенов қазақ әдебиетінің тарихын тугендеген тұлға. Ол 200-ден астам ғылыми мақала мен бірқатар әңгімелер жинағының авторы. Жиында облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов конференция Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласының аясында атқарылған нәтижелі қадам екенін айтты.

– Бір мемлекет екінші елге тек үш дүниемен ғана мақтана алады екен. Ол – төл әдебиеті, өнер-ғылымы, тарихы. Әлемдегі барлық ғылым мен мәдениетті «өркениеттің алып көші» деп қарастырсақ, қазақ әдебиеті сол көшке көз қызықтырар сән-салтанатымен қосылатыны даусыз. Аралдан бастап Қарт Қаратауға дейінгі кең өлкеде қазақ руханиятына еңбек сіңірген тұлғалар аз емес. Заңғар тұлға Мырзабек Дүйсенов те сол қатарда. «Әдебиет – ардың ісі» дейтін болсақ, кешегі кеңестік дәуірде Алаш қайраткерлерін шығармасына арқау етіп, қазақтың классик ақыны Ілияс Жансүгіровтен бастап Әбділдә Тәжібаевқа дейінгі қаламгер еңбектерін тыңғылықты зерттеп, қазақ әдебиетіне өлшеусіз үлес қосты, – деді Руслан Рүстемұлы.

2-бет

KÁSIP

ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕКТІҢ ТАБЫСТЫ НӘТИЖЕСІ

Бүгінде ауылда кәсіпкерлік саласы қарқын алуда. Бірі наубайхана ашып, енді бірі мал шаруашылығын дамытуды бағытқа алған, шаштараз ретінде қызмет көрсетіп жатқандар да көбейді. Бастысы – екі қолға бір күрек таба алмай жүрген жастар оқу курстарына қатысып, ісін бастауда. Мемлекет тарапынан кәсібін жаңа бастаған азаматтарға жеңілдетілген несие, қайтарымсыз грант беріліп жатыр. Міне, сан кәсіптің кілтін тапқан Қоғалыкөл елді мекенін де шаруасын дөңгелентіп отырған ауылдар қатарына жатқызуға болады.

Жалпы, Қоғалыкөл ауылында 2500-ден астам тұрғын бар. Елді мекенде тіркелген 132 кәсіпкерлік субъектісінің 116-сы тұрақты жұмыс жасауда. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасының екінші бағыты бойынша «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы мал басын көбейту мақсатында 36 млн теңгеге 11 жоба қаржыландырылды. Ауыл тұрғындары Ғафиз Жақыпбекұлы, Садырбай Медетов, Мұқтар Бегенов қор қаржы алып, мал бордақылау ісін дамытуда.

«Өңірлік инвестициялық орталығы» наубайхана ашу және мал басын көбейту мақсатындағы 9 жобаға қолдау танытқан. Жоба арқылы қаржы алған іскерлердің бірі –ауыл тұрғыны Темір Қожанов. Осыдан 20 жыл бұрын кәсібін балық шаруашылығынан бастапты. Бүгінде балықтың 7-8 түрін өсіріп отыр. Кәсіпкер он жыл бұрын ара бағуды да қолға алды. Омарта әліппесін ойланып бастаған ол қазір 60-тан астам ара ұяшығын ұстайды. Ара балы түрлі ауруларға ем екенін білген тұрғындар жиі тапсырыс береді екен. Кәсібі алға жылжыған шаруа тағы бір бизнесті бастады. Қорасындағы жылқысының санын 15-ке жеткізді. Өткен жылы Темір «Нұриман» жеке шаруа қожалығын құрыпты. Басты мақсат – Қамбар ата тұқымын көбейту болды. Биыл жыл басында кәсіпкер «Өңірлік инвестициялық орталығы» арқылы 6 млн теңге қаражат алды. Сөйтіп қылқұйрықтың қатарын қырықтан асырды.

– Жылқы текті жануар. Шөпті талғап жейді. Сондықтан олар жайылымда. Тек бақылап отырамыз. Әсіресе, құлындайтын кезде қора-жайға алдырып, құлыны бой тіктеген соң, қосып жібереміз. Алда жоспар көп. Шаруашылықты дамытып, мал басын көбейте береміз, – дейді. Кәсіпкер 2 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Айта кетерлігі, қазір ауылдық жерлерде отбасылық нәсіп кеңөріс жайған. «Мынау кімнің шаруашылығы?» деп сұрай қалсаңыз, «Бауырлардың бірігіп ашқан отбасылық кәсіптері ғой» деген жауап дайын. Ауыл тұрғыны Жандос Сүлейменов жақында наубайхана ашты. Бұл отбасылық кәсіп. Бүгінде кәсіпкер Қоғалыкөл мен жақын ауылдарды нан өнімімен қамтамасыз етіп отыр. Жыл басында «Өңірлік инвестициялық орталығы» арқылы 3 млн теңге қаржы алды.

– Кәсіп ашқаныма көп уақыт бола қоймады. Дегенмен, бастаған ісіміз берекелі. Наубайхана заман талабына сай автоматтандырылған жүйеде жұмыс жасайды. Қол еңбегін көп қажет етпейді. Енді алдағы уақытта нан түрлерін көбейтуді жоспарлап отырмыз. Сұранысқа сай жұмыс жасайтын боламыз, – деді наубайханашы. Жақында іскер азаматқа ауыл әкімі мен мектеп басшысы мектеп жанынан ыстық нан өнімдерін сататын дүңгіршек ашу жөнінде ұсыныс жасапты. Енді осы істі қолға алып жатқандарын да жеткізді. Осы жоспары іске асатын болса, екі адамды тұрақты жұмыспен қамтымақ.

Сонымен қатар «Агробизнес-2020» бағдарламасы бойынша 1 жоба 5 млн теңгеге қаржыландырылды. «Сырдария» несие серіктестігі арқылы мал басын көбейту бойынша бір жоба жүзеге асты. Ал «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының грант бөлу тетігі негізінде жеке кәсіпкер Сауранбек Жүсіповтің қуны 778 мың теңгені құрайтын «Ағаштан жасалған өнімдер» жобасы жеңімпаз атанды. Сауранбек шебердің қолынан шыққан тұрмыстық заттары сұранысқа ие. Мұнда кәсіп бастаймын деген жастар қатары да басым. Ол үшін алдымен кәсіпкерлік саласының қыр-сырын меңгеруге арналған арнайы оқу курстарына қатысып, білімдерін жетілдіруде. Мәселен, «Бизнес кеңесші» жобасы бойынша 17 адам оқытылса, «Бизнес бастау» жобасы аясында 2 тұрғын оқып, сертификат алған. Енді осы аталған жоба бойынша 8 адам білім алуда.

Тынымсыз еңбектің табысты нәтижесі болатынын білетін Қоғалыкөл тұрғындары шаруаларын дөңгелентіп отыр. Биыл мұнда жоспарланған 40 жаңа жұмыс орнының 25-і ашылды.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

SPORT KÚNI

БЕЛЕСІ БИІК СЫР СПОРТЫ

Спорттың адам денсаулығына ғана емес, мінезіне, өмір сүру салтына оң әсер ететінінен бөлек қоғамның салауаттылығына да серпін беретін ізгілікті іс-қимыл екенін әркім де жақсы түсінеді. Жалпы, тіршіліктің қозғалыстан тұратыны заңдылық, сол қозғалысты тәртіптеп, әсем өнерге айналдыру – ақыл-сананың айрықша жетістіктерінің бірі.

Сондықтан, халық үшін спорт күнінің арнайы мерекеленуі ерекше мәртебеге ие. 2003 жылы Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен әр тамыз айының соңғы жексенбісі спорт күні болып белгіленген болатын. Сонан бері бұл күнгі мерекенің маңызы жыл сайын артып, жарқын бейнеге ене түсті.

Тәуелсіз мемлекетіміз халықаралық беделді спорт жарыстарын өткізетін елдердің қатарынан орын алды. Бұл Қазақстанда спорт мәдениетінің жоғары деңгейде дамуының әлемдік тұрғыдан мойындалуы деп айта аламыз. Мәселен, 2011 жылғы Азиада, 2013 жылы бокстан өткен Әлем чемпионаты, 2017 жылғы дүниежүзілік қысқы универсиада қазақ елінің спортты серік етіп қана қоймай, қадір тұтатынын танытты.

Осындай байрақты бәсекелерге қосқан Сыр елінің өз үлесі, одан алған өз олжасы бар. Облыс спортшыларының әлемнің шаршы алаңдарына шығып, көптеген жоғары табыстарға қол жеткізіп жүргенін жерлестеріміз ақпарат көздері арқылы жақсы білетін болар. Осы тұрғыда боксшы Қамшыбек Қоңқабаевты, ауыр атлет Рүстем Сыбайды, грэпплинг Руслан Мұстафаны айтсақ та, дәрпіміз көтеріліп қалады. Алайда біз, Сыр спортшылары, бағындырған белестерді мереке қарсаңында тағы бір шолып өтуді артық санамадық.

Сөздің анығы, облыстың спорт саласына ҚР құрметті спорт қайраткері Садық Мұстафаев жетекшілік жасаған тоғыз жылда толағай табыстарға кенелдік. Осы салаға ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Олжас Әкімов келген бір жылдан бері де намыс пен жеңістің дәстүрлі жолы жалғасып келеді. Әсіресе бізді жаңа басшының орталық стадионның қайта жаңғыртылуына ықпал жасап, спорт түрлерінен барлық деңгейдегі жарыстарға спортшылардың дайындығы мен қатысуын қамтамасыз етуге жете көңіл бөлуі қуантады.

4-бет

QÝANYSH

ҮШЕМ КЕЛДІ ӨМІРГЕ

Қызылордалық Өксікбаевтар әулеті көл-көсір қуанышқа кенелді. Келіндері 33 жасар Назерке Ахметова үстіміздегі жылдың 20 шілдесінде үш бірдей қызды дүниеге әкелді.

Биылғы жылдың алғашқы үшемдерін жақындары Айлина, Жасмина, Медина деп атады. Ай-күні жетпей босанған нәрестелердің салмағы бір жарым келіден сәл асқан. Алайда жағдайлары жақсы.

«Кезекті УДЗ тексеруден өткенімде маған үшем болатынын айтты. Жолдасым екеуміз қатты қуандық. Енді, міне, бірден бес баланың анасы атанып отырмын. Үлкен ұлым Жасдәурен 12 жаста, қызым Айнель 10-да»,– деді жас ана.

Үшемнің аман-есен үйлеріне оралуына «Ана мен бала» орталығының қызметкерлері де барынша күш салды.

– Нәрестелер 33 апталығында дүниеге келді. Анасына бөлім дәрігерлері, мейірбикелер мен босандырған акушерлер шақалаққа қалай көмек көрсету керектігін, әрі қарай қандай шаралар жүргізілетіндігі туралы түсіндірді, – деп атап өтті орталық бас дәрігерінің орынбасары Ләззат Сапарбаева.

Үшемдерді үйлеріне шығарып салу рәсімінде қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Руслан Қаюпов қала әкімінің құттықтау хаты мен бөбектерге арналған қоларба табыстады.

Жалпы, жыл басынан бері облыстық перинаталдық орталықта 5 мыңдай сәби туылған. Оның 16-сы егіз.

Мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан егіздердің туылуы жағынан әлемде алғашқы елулікке енеді екен. Көш басында Африка құрлығындағы Нигерия тұр. Онда әрбір 22 адамға бір егізден келеді екен. Халқының көптігімен аты мәлім Қытай соңғы орында. Сыр өңірі туу көрсеткіші жөнінен Оңтүстік Қазақстан облысынан кейін келеді. Мәселен, өткен жылдың сегіз айында облыс бойынша 12222 нәресте өмірге келген. Ал 2016 жылдың сол уақытында барлығы 12416 бала туылған. Арасында, әрине, егіздер мен үшемдер де бар.

Медицинада егіздер мен үшемдерге ерекше қарайды. Бұл қасиет ұрпақтан-ұрпаққа қан арқылы да жалғаса береді. Ана құрсағында екі немесе одан да көп шарананың пайда болуы жөнінде дәрігерлер үнемі зерттеулер жүргізіп келеді. Әрине, оны ең алдымен жаратылыс заңы деп қабылдаған жөн.

Сырбойылықтарды қуанышқа бөлеген үшемдерге ұзақ ғұмыр тілейміз.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».

ШЕКАРАДАҒЫ КҮЗЕТ – ЕРЕКШЕ МІНДЕТ 4»
ЕЛІ ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛШЕКЕН 5»
ЖАҢАРҒАН ҚАЛАНЫҢ ЖАСАҒАН КЕЛБЕТІ 6»

БИБІНҰРДЫҢ БИЗНЕСТЕГІ БАСПАЛДАҒЫ

Қорқыт ата атындағы университет дүйім елге белгілі, ал Қорқыт есімін иеленген мектеп туралы естуіңіз бар ма? Жүз елуден аса оқушыға қосымша білім беретін оқу орталығы жуырда ғана бір жылдығын атап өтті. Директоры – университеттің 3-курс студенті, 20 жастағы Бибінұр Өткелбай.

Талғамы терең, талабы жоғары жастарға жүйелі қолдау болса, істің орайы келіп, күрмеулі мәселе оңынан шешіледі. Бибінұрдың да тәуекел етуіне тегеурінді себеп бар. Университетте «Бизнес инкубатор» жобасы жүзеге асқалы бері «Бизнес-Start» инновациялық идеяларды жүзеге асыру орталығы болашаққа бүгіннен бастап инвестиция саламын деген бірқатар студентті бизнес әлемге бағыттапты. Орталықтың жетекшісі Жандос Оразмаханов кәсібінен нәсіп тапқан, тірлігі тиянақты студенттер туралы айтып берген.

Бүгінде еті тірі, ебі мол жастардың көбі шағын кәсіп ашуды қолға алды. Рас, «бизнес бастау, кәсіпкер болу» деген сөздер сүйкімді көрінгенмен, діттеген мақсатқа жету әбден таразыланған жоспар мен маңдай тердің арқасында ғана бүйырады. Сондықтан жас кәсіпкер Бибінұрмен тілдесіп, жетістікпен қатар қиындықтары турасында сауал қойдық.

1,5 сағаттық шара 45 минутта аяқталды...

Бибінұр Өткелбай: – Бүгінде мұнай саласы бойынша, «технологиялық машиналар және жабдықтау» мамандығында білім аламын. Оқушы кезімнен шахмат, қолөнер сайыстарында бақ сынайтынмын. Сондықтан, төрт жыл ішінде білім алумен шектелмей, өз потенциалымды көрсететін, қабілетімді шыңдайтын қосымша кәсіппен айналысуды ойладым. Шағын және орта кәсіп ел экономикасына да, жеке адамдарға да тиімді, сондықтан студенттерді кәсіпкерлік негіздеріне үйрету мақсатында өткен жылы университетте бизнес-инкубатор құрылды. Алғашқылардың бірі болып жазылып, бизнес тренерлерден кеңес алдым. Нәтижесінде ойымды жетекшілер қолдап, университеттің 2-ші оқу ғимаратында «Қорқыт ата» мектебін аштық. Шындығында, бұл бізге үлкен көмек болды. Себебі, студент үшін қала орталығынан ғимарат жалдаудың құны тым қымбат. Ең бастысы, оқу орнымыз осы арқылы студенттердің кәсіпкерлік салада білім алуына, тәжірибе жинап, қазіргі трендтер тынысын тап басуға үлкен мүмкіндік жасады.

Алғашында мектепте шахмат, тоғызқұмалақ, кәсіби сурет, қолөнер сынды 4 үйірме, 13 қызметкер, 2 аудитория болды. Қызметкерлердің 10-ы студенттер болатын. Алдымен жоғары курс студенттерін әңгімелесуге шақырып, қарым-қабілетін анықтауға тырыстық. Бүгінде қызметкерлер саны 15-ке жетті, оның тең жартысы жоғары білімді, кәсіби мамандар болса, қалғаны – жоғары курс студенттері. Бір жыл бұрын жұмыс бастағанымызда тіпті білім беру жүйесі де нақтыланбаған еді. Қазір мектеп өзіндік жолымен, соңынан соқпақ салып келеді. Бүгінде мектеп үш білім беру бағыты бойынша оқушылар қабылдайды. Біріншісі, шахматшылар клубы. Басқа ұйымдардан ерекшелігіміз, топқа оқушыларды логикалық деңгейін анықтайтын тест арқылы қабылдаймыз. Мектепте ақылой спортына жазылған балалардың саны 60-қа жуықтады. Олардың аз уақыт ішіндегі интеллектуалдық нәтижелері жұмысымызға серпін берді, себебі оқушыларымыз облыстық, қалалық жарыстардың бірнеше мәрте жеңімпазы атанды. Биылдан бастап республикалық, әлемдік жарыстарға апаруды жоспарлап отырмыз. Екінші бағыт – «Mega Art» орталығы. Мұнда мектеп оқушыларымен қатар мүмкіндігі шектеулі балалар да кәсіби түрде сурет салуды және қолөнер жұмыстарын жасауды үйренеді. Сурет салудың өзі құммен, суға сурет салу секілді 9 бағытқа бөлінген. Үшіншісі – білім беру бағыты. Соған орай, орысша, ағылшынша тіл үйірмелері, мектеп алды даярлық, математиканы терендетіп оқыту курстарын аштық.

Бүгінде әлдекім мектеп туралы сұраса, бүгінгі жетістіктерден бұрын, алдымен қиындықтар көз алдыма келеді. Айталық, өткен жылы университеттің «Студенттер сарайында» жаңа үйірмелердің ашылуына орай 400 бала мен ата-ананы шақырып, концерттік кеш ұйымдастырдық. Сол күні сахнада құммен сурет салып өнер көрсетуі тиіс студент келе алмай, техникалық ақауларға байланысты арнайы дайындалған бейнеролик жұмыс істемей қалды. Кішігірім келеңсіздіктер қосылып, 1,5 сағатқа жоспарланған шара 45 минутта-ақ мәресіне жетті. Кеш соңында ата-аналар, басшылық тарапынан сөз естіп, алып-ұшқан көңілім су сепкендей басылғаны бар. Сонда ғана әрбір істе «асықпай жүріп, анық басу» керектігін ұқтым. Жалдамалы қызметкер бір күндік ісінің тиянақтылығын ойлайды, ал мен мектеп ашу арқылы біржылдық нәтижені ойластырып, бала мен ата-ана, қызметкерлер алдындағы әрбір сөз үшін жауапты болуға үйрендім, – деді ол.

Бүгінде университет басшылығының сенімі мен жас та болса, сөзі салмақты, ісі тиянақты Бибінұрдың тәуекелі арқасында «Қорқыт ата» мектебі жүзден аса оқушыға білім беруде. Оқу орнындағы жас кәсіпкерлерді қолдау орталығының көмегімен табысты кәсіп бастаған студенттер қатарында қолөнерші, облыстық көрме, байқаулардың жеңімпазы Бағжан Шайхислам, «Eego» вайн түсіру тобын құрған Азамат Тұрсынбайұлы, SMM саласында тренер Асхат Әбдіразақ та бар. Жастар өз жұмыстарын әлеуметтік желіде жарнамалауды жолға қойған, нәтижесінде негізгі тұтынушылары желі қолданушылары екенін білдік.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

BRIFING

ЖАРТЫ ЖЫЛДАҒЫ ЖЕМІСТІ ЖҰМЫС

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменов құрылыс, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс салаларында бірінші жартыжылдықта атқарылған істердің легімен таныстырды.

Қазіргі таңда облыстың 3 аудан орталығын, яғни Жосалы, Жалағаш, Тереңөзек кенттерін газдандыру жұмыстары жүргізілуде. Облыс әкімінің орынбасары биыл Жосалы кентіне АГТС құрылысын жүргізу үшін республикалық бюджеттен 892 млн теңге, облыстық бюджеттен 99 млн теңге қаржы бөлініп, нысанның құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталатынын айтты. Жалағаш, Сырдария аудандарына АГТС құрылысының жобасына республикалық және облыстық бюджеттер есебінен биыл 1,2 млрд теңге қаржы бөлінген. Сондай-ақ, Махамбет және Наурыз елді мекендерін газдандыру жобасының жобасметалық құжаттамасын әзірлеуге облыстық бюджеттен 49,6 млн теңге қаралды. Ал Қызылорда қаласының сол жағалауын газдандыруға бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жалғасуда.

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында Ұлттық қордан Қызылорда қаласындағы жылумен жабдықтау желілерін қайта жаңғырту бойынша 8 жобаға 2,2 млрд теңге қаржы бөлініп, жұмыстар жүргізілуде.

Биыл «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша 14 жобаға 3 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде, Қызылорда қаласының кәріз жүйелерін жаңғыртатын 5 жоба және Жаңақорған ауданын сумен қамту бойынша 1 жоба бар. Жоба аяқталған кезде 72 шақырым ауыз су, 4,5 шақырым кәріз жүйесі жаңғыртылады. Сонымен қатар, 2018 жылы облыстық бюджеттен Сырдария өзенінің сол жағалауын сумен қамту және суды бұру жобасының құрылыс жұмысын жалғастырға 350 млн теңге бөлінді. Қаржы толығымен игерілді, 12,3 шақырым ауыз су жүйесі жүргізілді.

Брифингте өңірдегі құрылыс жұмыстарының көлемі артқандығы да айтылды. Биыл бұған барлық қаржыландыру көздерінен басқармаға барлығы (республикалық бюджет, облыстық бюджет) 27,6 млрд теңге қаржы бөлінді.

– Жалпы басқарма арқылы 41 әлеуметтік нысанның құрылысы жүргізілді. Жыл соңына дейін барлығы 30 әлеуметтік нысанды пайдалануға беру жоспарлануда, қалған 11 нысан 2019 жылға өтпелі болып отыр. «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 2018 жылы облыс бойынша 69 көппәтерлі тұрғын үйлердің құрылысы жүргізіліп жатыр. Оның ішінде 21 үй жеке құрылыс компаниялары есебінен, – деді облыс әкімінің орынбасары С.Сүлейменов.

Басқа салаларда да өсім бар. Алты айда жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары мен елді мекендер көшелерін жөндеуге және көлік инфрақұрылымын дамытуға 13,5 млрд теңге бөлініп, 277,87 шақырым автомобиль жолы мен елді мекен көшелерін жөндеуден өткізу жоспарлануда. Сондай-ақ, 4 көпір салынып, 3 көпірге күрделі жөндеу жүргізіледі.

– Облыс аумағында 212 елді мекенді аудан және облыс орталығымен жалғайтын 211 тұрақты автобус қатынасы ұйымдастырылған. Облыс орталығынан Астана, Алматы, Ақтөбе, Шымкент, Түркістан, Жезқазған, Сарыағаш қалаларына күнделікті жолаушы тасымалдау қызметтері де көрсетіледі. Сонымен қатар, халықаралық бағыттағы жолаушы тасымалын жетілдіру мақсатында, осы жылдың 18 шілдесінен бастап, халықаралық «Қызылорда-Ташкент-Қызылорда» тұрақты маршруты іске қосылды, – деді С.Сүлейменов.

«Жобалық басқару» жобасы шеңберіндегі «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізінде 2 жоба, яғни қоғамдық көліктерге электрондық билеттік жүйесін орнату және қаладағы «Салтанат» ЖШС автовокзалына «НАС» автоматтандырылған басқару жүйесін енгізу жоспарлануда. Аталған жобалар іске асырылғанда жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасы көтерілетін болады.

Сыр елінің әуе қатынастарында да серпінді жобалар мен жетістіктер жетерлік. Бүгінгі күні Қызылорда әуежайы арқылы аптасына барлығы 28 тұрақты рейс орындалып, Астана, Алматы, Атырау, Қарағанды қалаларына әуе байланысы ұйымдастырылған. Биылғы 6 айда әуежайдан 46,4 мың жолаушы жөнелтілген.

Бір қуанарлығы, 16 шілдеден бастап аптасына 4 рет қатынайтын халықаралық «Мәскеу-Қызылорда-Мәскеу» рейсі ашылды.

Қызылорда қаласындағы жаңа әуежай терминалының құрылысы жобасын мемлекеттік-жекешелік әріптестік механизмі арқылы іске асыру жоспарланып отыр.

Брифинг барысында БАҚ өкілдері сауалдарын қойып, ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

ҰЛТ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ҰЛЫҚТАҒАН ТҰЛҒА

Қаламгер жазушылық пен ғалымдық еңбекті қатар атқарып, көптеген шәкірт тәрбиеледі. «Ант», «Гүлжан сүйеді», «Біз Күн перзенттеріміз» атты шығармалары кітапқұмар қауымның олжасына айналды. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының директоры Бағдат Кәрібозұлы қазіргі кезде де студенттердің бұл еңбектерді қызыға оқитынын жеткізді. Әсіресе, жазушы-ғалымның қолына қалам ұстағаннан бастап үзбей жазған күнделіктерінің негізінде жарыққа шыққан «Күнделік» туындысын жұртшылық ыстық ықыласпен қабылдады. Бұл еңбекте кеңес заманындағы қазақ интеллигенциясының ерекшелігі, бір-бірімен қарым-қатынасы көркем шежіредей қатталған. «Бұл күнделік жанрына сия бермейтін көркем дүние» дейді Бағдат Кәрібозұлы.

Конференцияда филология ғылымдарының докторы Гүлжаһан Орда «Ұлттық әдебиеттегі рухани жаңғыру» тақырыбында баяндама оқып, «жазушы еңбектері неліктен құнды» деген сауалға жауап берді.

1-бетте

– Рухани жаңғыру деген барымызды бағамдау, өткенімізді түгендеу. Ал бүгінгі шара соған дөп келіп отыр. Мырзабек Дүйсенов балалар әдебиетіне үлес қосты, ғылыми-танымдық дүниелер, зерттеулер жазды делік, бірақ басқалардан несімен ерекшеленеді? Кеңес үкіметі кезінде біздің бойымызға «қазақ оқымаған, надан, халқының 2 процентінің ғана көзі ашық болған» деген түсінік қалыптастырды. Қаламгер сол көзқарастың дұрыс еместігін шығармалары арқылы дәлелдеді, – деді ғалым.

Филология ғылымдарының докторы Күләш Ахмет жазушы қаламынан туған Мұхтар Әуезов бейнесіне тоқталды. «Әуезовтің шәкірттері әртүрлі болса, әрбір шәкірттің өз Әуезові бар» дейді ол. Айталық, Зейнолла Қабдолов «Менің Әуезовім» еңбегінде жазушыны қол жетпес, асқақ, ерекше бейнеде суреттесе, Мырзабек Дүйсенов қарапайым адамдармен бірдей өмір сүрген Әуезовті бейнелеген.

Конференция барысында жазушы-ғалымның шығармалары одан әрі тереңірек зерттелуі керек екені айтылды.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

ЭКСПОРТТЫҚ ӨНІМДЕРГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ

Кезекті брифингте 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында атқарылған жұмыстар және алға қойған міндеттер жөнінде облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов айтып берді. Брифингке ауыл шаруашылығы, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, ветеринария, жер қатынастары, жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармаларының басшылары қатысты.

Серік Салауатұлы алдағы бес жылда ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін екі есеге және өңделген өнім экспортының көлемін 2,5 есеге арттыру туралы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «ҚР Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін жеткізді. Соған байланысты негізгі экспорттық дақыл күріштен бөлек экспортқа бағытталған, сонымен қатар суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық берілетін болады. Қазірдің өзінде ғалымдармен бірге Қаратау етегінде суармалы емес алқаптарда су аз қажет ететін мал азығындық және басқа да дақылдарды өсіру бағытындағы жұмыстар басталып жатыр. Ал мал шаруашылығы бойынша облыстағы үш ірі мал бордақылау алаңы төңірегінде шаруашылықтарды көбейтуге мән берілуде. Экспортқа малды тірілей шығарудан бөлек өңделген ет өнімдерін өңдеуге де ден қойылатын болады. Балықты тереңдетіп өңдеу көп табыс әкелетіндіктен бұл бағытта да жұмыстар қолға алынуда. Облыс әкімінің орынбасары құс еті мен жұмыртқа негізінен басқа аймақтардан келіп жатқанына назар аударды. Енді ішкі нарықты аталған өнімдермен өзіміз қамтамасыз ете бастау міндеті тұр.

Биылғы су тапшылығы бұрыннан көтеріліп жүрген су қоймаларын салу туралы мәселені тездетіп шешу қажеттігін айқын көрсетіп отыр. С.Қожаниязов «Күміскетken» және «Қараөзек» су қоймалары құрылысының жобалық-сметалық құжаттамаларын әзірлеу және құрылысын жүргізу үшін қаржы бөлу мәселелері Үкімет басшысының орынбасары - Ауыл шаруашылығы министрі Ө.Шөкеевтің төрағалық етуімен өткен басқосуда қаралып, тиісті тапсырмалар берілгенін мәлімдеді.

Брифингте саладағы макроэкономикалық көрсеткіштер туралы мәліметтер берілді. Облыстың аграрлық секторын мемлекеттік қолдауға 2018 жылы 10,7 млрд теңге бөлініп, өткен жылмен салыстырғанда 15,1%-ке артты. Ауыл шаруашылығының өндірілген өнім көлемі 16,9 млрд теңге болып, өткен жылдың сәйкесті кезеңіне қарағанда 2,8%-ке ұлғайды. Биыл облыста барлығы 184,5 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналасты. Негізгі дақыл күріштің көлемі 87,3 мың гектар. Облыс бойынша егілген 3636 гектар күздік бидайдың бүгінгі күнге 2929 гектары жиналып, 5726 тонна өнім алынды. Сондай-ақ, егіншілер 2296 гектар жаздық бидайдың 994 гектардан 1312 тонна өнім алды.

Облыс бойынша 325,4 мың бас мүйізді ірі қара, 713,3 мың бас қой мен ешкі, 130,9 мың бас жылқы, 47,3 мың бас түйе, 129,5 мың бас құс өсірілуде. Ет өндіру (тірі салмақта) 15751,4 тонна, сүт 38559,1 тонна, жұмыртқа 3363,9 мың дананы құрап, өсім тиісінше ет 3,6%, сүт 2,1% және жұмыртқа өндіру 45,8%-ті көрсетті. 2018 жылдың 1 сәуіріне 9,5 млн доллары құрайтын 26,2 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімдері экспортталып, өткен жылмен салыстырғанда 66% немесе 3,8 млн долларға артып отыр.

2018 жылдың I жартыжылдығына облыс бойынша барлығы 2685 жеке қосалқы шаруашылықтың бірігуімен 105 кооператив құрылды. 2017 жылы жеңілдетілген несиелендіру бойынша 42 кооперативке 3,4 млрд теңге қаржы берілді. Нәтижесінде 1230 адам тұрақты жұмыс орындарымен қамтылды. 2018 жылы экспортқа бағытталған инвестициялық құны 7,1 млрд теңгенің 10 іргелі жобасын іске асыру жоспарлануда.

Облыс әкімінің орынбасары ветеринария саласында болатын өзгерістерге де тоқталып өтті. Елбасы Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарында «фермадан үстелге дейін» Қағидатына сәйкес ветеринариялық қызмет вертикалі құрылуда. Қазіргі күні, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан заң жобасы әзірленуде. Осы заңға сәйкес аудан (қала) әкімдігінің күшімен ветеринариялық станциялар барлық ветеринариялық іс-шараларды атқарумен, облыстық ветеринария басқармасы ветеринария саласындағы мемлекеттік қызметтермен және қажетті препараттарды сатып алумен, жеткізіп берумен айналысатын жүйе құрылатын болады. Бұл жүйе 2019 жылдың наурыз айынан бастап іске асырылмақ.

Журналистер сонымен қатар брифинг барысында 2015-2018 жылдары игерілмей жатқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы көлемі 192767,7 гектарды құрайтын 456 жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылғаны туралы ақпарат алды. Сол секілді, көптен бері айтылып жүрген тұрмыстық қалдықтарды өңдеу кәсіпорны бойынша жұмыс басталғанын білді. Мемлекеттік - жекешелік әріптестік механизмі бойынша ТҚҚ полигонының қалдықтарды сұрыптау кешені құрылысының жұмыстары басталған. Жаңа полигон Белкөл кентінен 4 шақырым қашықтықта орналасады. Аумағы – 20 гектар. Жылына 60 мың тонна тұрмыстық қатты қалдықтар сұрыпталады. Облыстық бюджеттен 300 млн теңге бөлініп, мамандандырылған техника мен жабдықтарға тапсырыс берілген.

С.Қожаниязов сондай-ақ ғарыш кешенін және Байқоңыр қаласын дамыту туралы Елбасы тапсырмасын орындау бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы да айтып өтті.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы».

ЖАЛАҒАШТЫҚ ЖАСТАР «ЖАЛЫН» СЫЙЛЫҒЫН ИЕЛЕНДІ

Жалағашта қазақстандық патриотизмді арттыруға елеулі үлес қосқан жас дарынды белсенді жастарды қолдау мақсатында аудан әкімінің «Жалын» жастар сыйлығы тағайындалды.

Аталған сыйлық түрлі саладағы талантты жастарды ынталандыру және оларды өз қатарластарына үлгі ету мақсатында тағайындалып отыр.

Еліміздің өсіп-өркендеуіне орасан үлес қосып жүрген жастарды мерекемен құттықтаған аудан басшысы Қайратбек Сәрсенбаев:

– Былтыр «Жастар – туған жерге!» атты аудандық форумда жастар сыйлығын тағайындау жөнінде ұсыныс келіп түскен болатын. Биыл мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жастарға арналған 4 әлеуметтік жоба жүзеге асырылып, қаржы көлемі екі есеге ұлғайды. Бұл игі шара алда да жалғасын табатын болады. Біз жастарды қанаттандырып, жоғары жетістіктерге жетуіне ынталандыруымыз қажет, – деді.

Аудан басшысы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға үлес қосып, өз саласында жоғары жетістіктерге жеткендерге «Жалын» жастар сыйлығын, арнайы сертификат және қаржылай сыйлықтар табыстады.

«СБ» ақпарат.

СМАРТ ЖОБАЛАРДЫҢ ЖӨНІ БӨЛЕК

Мұнай скважиналарының сулану деңгейінің жоғары болуына орай облыста мұнай өндіру көлемі жыл сайын кеміп келеді. Ағымдағы жылдың алты айында өткен жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 250 мың тонна мұнай кем өндірілді. Соның салдарынан облыстағы өнеркәсіп өнімі көлемі төмен болды. Әйтсе де басқа барлық макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша облыста оң динамика қалыптасып отыр. Ал өңдеу өнеркәсібінде өсім 0,5% құрады. Индустрияландыру бағдарламасы аясында облыс экономикасын әртараптандыру жалғасып келеді. Соның арқасында жүзеге асырылған 22 жобаның 16-сы бүгінде толық қуатында жұмыс істеуде.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде осы жылғы 6 айдың қорытындысына арналған брифингте облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким журналистерге осындай ақпарат жеткізді.

2018 жылдың 6 айында іске қосылған жобалар 11.2 млрд теңгенің өнімін өндіріп, табыс өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 30,2%-ке өсті. Оның ішінде, өңдеу өнеркәсібінде 7,7 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылға қарағанда 40%-ке өскен. Е.Ким Индустрияландыру бағдарламасы аясында облыста қазіргі таңда 6,2 мың жұмыс орнын құратын, жалпы құны 620 млрд теңгелік 26 жобаны жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүріп жатқанын айтты. Биыл жыл соңына дейін үш ірі кәсіпорынды іске қосу жоспарланып отыр.

Осы жылдың 1 шілдесінде облыста тіркелген кәсіпкерлік субъектілерінің саны 51753 болды. Биылғы жылы облыста жаппай кәсіпкерлікті дамытудың жол картасын жүзеге асыруға бөлінген 32 млрд теңге қаржының 3 млрд теңгеден астамы «Стартап» жобаларына бағытталды. Мұнан бөлек, «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы шеңберінде микрокредиттер беруге 2 млрд 89 млн теңге бөлінсе, 224 жоба жалпы құны 200 млн теңге болатын қайтарымсыз грантқа ие болды. Бүгінге дейін «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша 796 адам оқу курсынан өтіп оның 704-і бизнес жобаларын қорғап шықты.

Облыс әкімінің орынбасары биылғы жарияланған кәсіпкерлікті қолдау жылы тағы да екі жылға ұзартылып отырғанын айтып, бизнес өкілдеріне қолайлы жағдайлар жасау, кедергіні азайту бағытындағы жұмыстар жалғаса беретінін жеткізді.

Брифингке қатысушы БАҚ өкілдері аймақта туризмді дамыту бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде ақпараттар алды. Туристік индустрия саласында кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдайлар қалыптастыру мақсатында Қызылорда туристік ассоциациясы құрылып отыр. Қазақстандық туристік ассоциацияның келісімімен біздің облыстан 15 туристік маршрут бекітілді. Жыл басынан бері Қызылорда облысына келген туристер саны 12 мың адамнан асты. Бүгінде облыста 90 қонақ үй, 2 санаторий, 41 демалыс орны, 9 балаларды сауықтыру лагері жұмыс істейді. Тек соңғы бес жылда облыста 33 қонақ үй пайдалануға берілген.

Облыс әкімінің орынбасары бюджет қаржысын үнемдеуге мемлекеттік-жеке әріптестік оң әсерін тигізетінін тілге тиек етті. Облыста бүгінде МЖӘ бағытындағы 75 жобаны жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Олардың құрылысына салынатын инвестиция көлемі 30 млрд теңгеден асады. Қазіргі күні мемлекеттік жеке әріптестік шеңберінде 18 жоба бойынша келісімдерге қол қойылған.

Брифингте журналистерді қызықтырған тақырып цифрландыру болды. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және «Smart city» концепциясы шеңберінде биыл Сыр өңірінде цифрландыру бойынша жалпы құны 2,4 млрд теңгені құрайтын 37 жоба іске асырылу үстінде. Бұл жобалар 8 бағытты құрағанмен, білім беру, денсаулық сақтау, көлік қатынасы мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және адамдардың қауіпсіздігі басым бағыттарға ие болады.

Мысалы, облыстың барлық медициналық ұйымдары Кешенді медициналық ақпараттық жүйесіне қосылып, пациенттерді қабылдау «Дамумед» мобильдік қосымшасы арқылы жүзеге асырылады. Осы жылғы 1 шілдеден бастап медициналық ұйымдарды «қағазсыз құжат айналымға» көшіру бойынша жұмыстар басталды. Болашақта облыс тұрғыны республиканың қай түкпірінде жүрсе де, электронды медициналық картасымен дәрігерге көріне алады. Сол секілді сәби дүниеге келгеннен үйге шығарғанша оған туу туралы куәлік, балабақша кезегіне қою және әлеуметтік жәрдемақы беру жөніндегі құжаттар дайын тұратын болады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында «Ақылды тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы» жобасын іске асыру үшін мәліметтерді жіберу, есепке алу құрылғысымен жабдықтау бойынша бірнеше көпқабатты үй анықталды. Олар үйді есепке алу құрылғылары арқылы таңдалған үйлердің көрсеткіштерін өндірістік интернет арқылы жұмыс істейтін «Е-шаңырақ» бірыңғай интеллектуалдық жүйесіне жолдап отыратын болады. Барлық төлемақылар бірден есептеліп және күн райына байланысты жылу температурасын өзгертіп тұруға мүмкіндік туады. Бұл коммуналдық төлемді үнемдеуге мүмкіндік береді.

Қоғамдық көліктерде билетсіз жүйе енгізілмекші. Жол ақыны карточкамен, телефонмен тіпті SMS-пен төлеу мүмкіндігіне қол жеткізіледі. Автобус күткен жолаушылар аялдамадағы таблодан оның қай жерде келе жатқанын біле алады. Ал қала қауіпсіздігі мақсатында подъездерге, көшелер мен алаңдарға орнатылған бейнебақылау камераларының барлығы ішкі істер мекемелері бақылауында.

Брифинг соңында Е.Ким журналистер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Ы.ТҰРЛЫҒҰЛОВ.

SEMINAR

ТАЗАЛЫҚ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

Қаладағы «Мұрагер» мектебінде семинар өтіп, алда 2018-2019 оқу жылына дайындық, жедел-ішек инфекцияларының, паразитарлық аурулардың және вирусты гепатиттің алдын алуға бағытталған шаралар талқыланды. Оған қалалық білім бөлімі, қалалық төтенше жағдайлар басқармасы, облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің мамандары мен мектеп директорлары, жеке кәсіпкерлер, медбикелер мен балабақша меңгерушілері қатысты.

Семинарда мектептердің оқушыны қабылдауға дайындығы, асхана және оның қондырғыларының жаңартылуы, медперсоналдың тегін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілуі жайлы кеңінен айтылды.

Республика көлемінде топтасқан тағамнан улану және жедел-ішек ауруларының жағдайы мен мектеп асханаларына қойылатын талаптар туралы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің бөлім басшысы Алма Шуақбаева мен ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің өткен жылғы 16 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидасы бойынша басқарманың санитарлық-гигиеналық бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ақмарал Қалкөзова хабарлама жасады. Сонымен қатар қалалық төтенше жағдайлар басқармасының маманы мектептердегі өрт қауіпсіздік шараларының алдын алу бағытында кеңінен тарқатып берді.

– Оқушыға мектепте барлық жағдай жасалу керек. Әрбір мектепте жауапты маман бекітілген. Ол балалардың таза ауыз сумен қамтылуын тексеріп отырады. Қалада 11 мектепте фильтр қойылды. Қалған білім ошақтарында құтыдағы таза суды пайдаланады, – дейді Ақмарал Әбдуәлиқызы.

Қазір мектептерде асхана желісі жалға берілген. Онда жеке кәсіпкер жұмысын жүргізеді. Ал мектеп асханасының тиісті талаптарға сай болуы, ондағы құрал-жабдықтар, аспаздардың медициналық тексеруден уақытылы өтуі – бәрі де қатаң бақыланады. Бұл жұмыстар жүйелі жүргізілмесе, бала өміріне қауіп төнеді. Мәселен, өткен жылы Жаңақорған ауданындағы Келінтөбе ауылында мектеп оқушылары тамақтан уланған болатын. Енді осы мәселенің алдын алуда атқарылуы тиіс шаралар жайлы Алма Шуақбаева айтып берді.

Семинарда көтерілген мәселеге байланысты мамандар алдағы уақытта асхана тазалығын бақылау пысықталатынын жеткізді.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

ҐIBRAT

ӨМІР ЖОЛЫ ӨНЕГЕ

ТУҒАН ЕЛІНЕ ҚАРЫМДЫ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ТОЛАҒАЙ ТҰЛҒА ТУРАЛЫ ТОЛҒАМ

Сыр елінің пәтуалы сөзін ұстап, ынтымағы мен қадір-қасиеті артып, өмірлік өсіп-өркендеуіне бүкіл азаматтық әлеуеті мен беделін, зайырлы бітім-білігін, білімін аяусыз сарп еткен, ақылы дария құрметті қарияларымыздың бірегейі болған, осы күні кеше ғана ортамыздан бақилыққа озған Ыдырыс Қалыұлы ақсақал болатын.

Қадірменді ағамыз қазыналы Қазалының қасиетті топырағында өткен ғасырдың алғашқы ширегінде дүниеге келген. Жаратқан иеміз сол бір шапағатты шағында-ақ бұл пендесінің бойына ерекше еңбекқорлық, әділдік пен ақиқаттың ақ жолында жүретін турашылдық, адамзаттың асыл дүниелерін қастерлейтін, елі мен жұртына қарымды қызмет жасаудан шаршап шалдықпайтын қасиеттерді молынан сіңіріп қойғандай. Қайткен күнде де Ыдекеңнің 92 жыл бойы жарық әлемде жарасымды тіршілік етіп, дара жұлдыздай жарқырап өткен өнегелі де өрнекті өмір жолы сөзімізді айна-қатесіз айғақтай түседі.

Ең әуелі Ы.Қалиев қазақтың маңдайына біткен асыл да ардақты тұлғаларының тұқымынан екендігін айтпақ парыз. Оның арғы даңқты бабасы қарадан шығып хан болған Сейітқұл қажы ұрпағының хас жауһарларының бірегейі әйгілі Әйтеке би һәм Жалаңтөс баһадүр. Тарлан тарихтың терең қойнауына дендеп енбей-ақ, ағамыздың өзіне тонның ішкі бауындай жақын бертінгі шежіресінен мағлұмат келтірсек, ол былайша өріледі. Орталық Азияның ақырғы арыстаны, Тұран жұртының соңғы жолбарысы атанған Жалаңтөс баһадүрдің бірінші әйелі Шөмекей Темірбалқы бидің немересі Дүрия сұлу болатын. Одан Раңбай, Кежеғұл, Төлеу, Наурыз ныспылы ұлдар дүниеге келіп, бір тайпа ел болып, бүкіл қазақ жеріне өрісін кең жайған. Сол төрт ұлының ұрпақтары түгелдей негізінен Қазалы ауданы, Арал аймағын мекендеген. Ал баһадүрдің тұңғышы Раңбайдан Дәулет, Өтеген, Сейтен атты үш ұл дүние есігін ашқан. Өтегеннен Қармыс, Саркөт туады. Саркөттен – Құдайберген, Тәмен; Құдайбергеннен Шонтығұл, Итіғұл би туады. Итіғұлдың кіндігінен Құлтан өрбиді. Бұл кісіден Қалы, Әбубәкір, Оразбай деген үш ұл мен Ырысты есімді бір қыз өсіп өнген. Қалыдан Тілеулі, Ыдырыс, Жүгініс, Рахатдин атты төрт ұл және Күлжан қыз дүниеге есігін ашады.

– Әкеміз Қалы өте қайратты, Қазалы уезінің аумағында палуан деген атаққа ие болған адам. Ол күреске шыққанда онымен белдесуге ешкім батылы жетіп қарсы келе қоймайтын көрінеді. Тек өзінің жақын інісі Арыстанбектің Бектұрсыны ғана күрескенде тепе-тең келетіндігін байқаған. Бірақ ол ағамның белінен ұстамаймын деп көкесімен күреспей, әралуан қалың додада ұтып алған сыйлықтарын сыбаға сыпатында тарту етіп беріп кететін көрінеді. Жақын ауылдағы Хангерей бидің қызы Зибагүлмен танысып, екеуі бірін-бірі ұнатып, сөз байласып, оны тәуекелге бел буып алып қашқанда әкеміз арттарынан қуған он адамды қолындағы қамшысымен нықтап ұрып құлатып, құтылып кеткен ғой. Иә, ол өте еңбекқор адам болған. Өзінің күш-қайратына сеніп егін екті. «Бір жылда үшжылдық азығымды жинап аламын» дейді екен. Шешеміз Зибагүл де бақуатты, отбасына қатысты қай жұмысты да бел буып бірге атқарысты. Балаларын, яғни бізді қатарымыздан кем қылмай өсіріп, тәрбиеледі. Колхозда асхананы басқарды. Жұртпен бірге диірмен тартып, быламығын жасап, жармасын, тапа нандарын пісіріп, уақытылы жамағатқа жеткізіп тұрды. Үй шаруасына біз де қатыстық, –деп аяулы ата-анасын ризашылықпен еске алып отыратын Ыдырыс ақсақал.

Дегенмен, тіршілігінде мың өліп, мың тірілген біздің халқымыздың басынан кешкен тауқыметтері бұл әулетті де айналып өтпеді. Әсіресе, Қалының екінші баласы Ыдырыстың өмір жолы қилы-қилы қиындықтармен қиысып, алапат аштық пен сұрапыл соғыстардың салқынымен жаны шықпастың күйін кешумен өтті. Шаш ал десе бас алатын пролетариат диктатурасының сойылын соққан қаныпезер большевиктердің қазақ даласында қалыпты тұрмыс салтын қарудың күшімен күлталқанын шығарып, елді есеңгіретіп, социализмді зорлық-зомбылықпен орнатуға күш салуының аяғы сұрапыл аштыққа, халқымыздың тең жартысы қырғынға ұшыраған орны толмас қасіретке ұрындырғаны белгілі. Ал біздің Ыдырыс аға бесіктен белі шықпай жатып осы қиын-қыстау зар заманның барша ауыртпалығын арқалады, ащы запыранын аяусыз татты. Мешітте бала оқытып, жастарды имандылыққа тәрбиелеген, Құран Кәрімді жатқа білгендіктен қари атанған Қалы әкесі қаныпезер, қандыбалақ қызылдардың құдалауынан қашып, Өзбекстан жеріндегі Үргенішке барып бас сауғалауға мәжбүр болады.

Мұндағы отбасының жалғыз тірегі локомотив депосында жұмыс істейтін Тілеулі ағасы ғана. Бір күні оның да жұмысы қысқарып, далада сенделіп қалады. Үйдегі бар мүлікті сатып талғажау қылады. Міне, сонда буыны қатпаған сегіз жасар Ыдырыс Қазалы қаласындағы балық зауытының қызметкері туыс ағасы Әбубәкірдің қоймасынан балық алып, кішкене шанаға салып сүйрелеп жүріп 9 шақырым жердегі станцияға әкеліп сатып, үйге тамақ әкеліп жүрді. Бір күні ол да таусылды. Ішетін үнемге ештеңе қалған жоқ. Басқа амалы болмаған соң, өңшең көкөзек ашқұрсақ отбасы көн етікті суға қайнатып жейді. Аза бойыңды қаза қылатын неткен сұмдық, сорақы, қасіреттің қатыгез көрінісі десеңізші бұл. Әйтеуір өмірдің жалғасы бар екен, оларды осынау өлімші халден дәл мезгілінде жоғарғы жақтан екі түйеге артқан астығымен келіп жеткен қайран әкесі құтқарып қалады.

Иә, қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі, ал тірі адам тіршілігін жасайды. Өр рухтың өршіл оты кеудесінде маздаған Ыдырыс аға алдына асқаралы армандарға жетуді берік мақсат етіп қояды. Қаршадай күнінен қиындықтарды жүрегіндегі жалынға толы күш-жігерімен жеңе отырып, тек қана алға ұмтылады. Өмірдегі өзіндік ер мұратын еншілеудің ең басты амалы оқу, оқу және оқу деп біледі. Сол тұстағы билік басындағы пролетариаттың көсемі де осынау міндетті кеңес үкіметінің жас ұрпағына ұрандата отырып, мықтап жүктеп баққан болатын. Обалы не керек, кеңес билігі аталған межені бүкіл жұртшылық болып игеру үшін хал-қадерінше жағдай жасауға талпынды. Жер-жерде, оның ішінде бұлардың ауылынан да бастауыш мектептер ашылды. Оған өскелең ұрпақ көптеп тартылды. Әйткенмен, Ыдекең жатын орынның тапшылығын тартып, аш-жалаңаштықты бастан өткере жүріп, әр елді мекендегі мектептерден оқып сегізінші сыныпты тәуірлердің қатарында тәмамдайды. Осымен оқудың жолы кесілді. Өйткені батыста сұрапыл соғыс өрті бұрқ ете қалған-тын.

Сонымен алтыайлық курсты екі-ақ айда оқып бітіріп, шұғыл түрде паровоз машинисінің көмекшісі атанып шыға келеді. Алайда салған беттен жайлы лауазым қайда? 16 жасқа толмаған бозбаланы жолаушылар таситын СУ-2 пойызының паровозына от жағушы етіп жібереді. Онан соң майданға соғыс техникаларын тасымалдайтын литерлі пойыздың паровозында жасөспірім бала күніне 12 тонна көмірді шойын ошақтың көмейіне атқылаумен айналысады. Ауыр жұмыстан әбден діңкелеп, құр сүлдері қалады. Мұны аңғарған жоғарғы басшылар жеңілдеу жұмыс учаскесіне жегеді. Ал барша тауқыметтен оны анық құтқарған соғысқа шақырған қағаз болды. Бұл 1943 жылдың наурыз айы еді, майданда кескілескен ауыр ұрыстар жүріп жатты.

Ұзын сөздің қысқасы, Ыдырыс ағамыз сол кеткеннен мол кетіп, еліміздің шығыс шекарасында милитаристік Жапонияның басынан бақайшағына дейін қаруланған, техникасы қуатты Квантун армиясымен бетпе-бет тұрып, 1945 жылдың тамыз айында қатты қантөгісті шайқастарға қатысып, жеңіс туын желбіретеді. 1950 жылы ғана отбасына аман оралып, туған жермен қауышады.

Өмір, шіркін, күрес, тіршілік үшін текетірес. Расында, қолымыздағы «Ғибратты өмір жолым» атты мемуарлық естелік кітабында жазылғандай, ол кісінің барша жүріп өткен соқпақ-сүрлеуі нағыз қаһарман күрескердің өрнекті өнегесі деуге болады. Ол тар жол, тайғақ кешуде заманның зардабын көп көрді. Бірақ Ыдекең ешбір жерде, ешбір кезеңде ауыртпалықтарға мойымады, тұрмыстың ауырлығымен арыстанша айқасты. Соғыстан соң оқуын жалғастырып, өндірістен қол үзбей әуелі мектеп бағдарламасы бойынша білімін көтеріп, соңынан Алматыдағы ұлттық іліміміздің басты ордасы ҚазМУ-дың философия-экономика факультетіне сырттай оқуға түсіп, бітіріп, жоғары білімді маман дәрежесіне жетті.

Талапты ерге нұр жауар демекші, ілгері қарай тынымсыз талпынған жігерлі жігіттің тасы өрге домалады. Намыстың отына жанылған жанның қызмет бабында біртіндеп өсу жолы жарқын болды. Еңбек ету үстінде сатылай келіп, 1951 жылы Қазалы темір жол бөлімшесінің нұсқаушылығынан бастап Қызылорда облыстық партия комитетінің өндіріс-байланыс бөлімінің нұсқаушылығына бірақ секірді. Теміржол саласындағы және майдан даласындағы темірдей тәртіппен шыңдалған, бейбіт замандағы еңбек үдерісінде үзбей танбай үздіктердің тобынан табылған атпал азаматтың алға басқан адымы ұзай берді. Ендігі жерде ол облыстың жалынды жастар ұйымы – комсомол комитетінің бірінші хатшылығына сайланады. Сол кездегі билік басындағы партияның шын мәніндегі сенімді көмекшісі және өмір дамуын өрге бастырушы күш-қуаттың қайнары, белсенді кадрлардың сарқылмас резерві болып жасампаздықпен жаңғырыққан жалынды жастардың жетекшісі атанған бақытты да байырқалы бір шабытты шақ еді бұл. Әр комсомол мүшесі туған еліне шынашақтай болса да пайдасын тигізуге тиіс деп білді. Арынды асау Сырдарияның алдын тежеп, кейіннен өңірімізде жүз мың гектардан астам күріш алқабын өсіруге жол ашып, құт несібеміздің тұрақты қайнар көзіне айналған Тасбөгет су торабын тұрғызуда сол 50-ші жылдардың комсомолдарының қомақты қолтаңбасы да бар. Олай дейтін себебіміз, бұл нысан бүкілодақтық комсомолдық екпінді құрылыс болып жарияланып еді.

Айтпақшы, ізіне түсіп зерттеп көп ізденіп жүріп, сол кезде әділетсіз ұмыт қалған біздің Қазақстанның және бүкіл советттік Шығыс жастарының көсемі болған жерлесіміз Ғани Мұратбаевтың аты мен елге жасаған еңбектерін еске түсіру үшін республикалық конференция ұйымдастырып, онда өзі мазмұнды баяндама жасап еді. Алқалы жиынға Қарақалпақстаннан Ғанидың қарындасын, әйелі Бақытжанды Талдықорғаннан алдырып, Алматы, Ленинград, Фрунзе, Ташкент, Ақтөбе мен Семейден қызметтес болған комсомол ардагерлерін шақырады. Олардың ішінде Сара Есова, Өтебай Тұрманжанов, Жүсіпбек Арыстанов, Н.Оцуп, Әуелбек Қоңыратбаев, Асқар Тоқмағанбетов, т.б. бар еді. Әрине бұл айтуға ғана оңай, әйтпесе әдепкіде түсініспеушіліктен туындаған қиындықтар, оған қарсы болғандар көп ұшырасты. Басшылардың шындыққа көзін жеткізуге аз күш жұмсалған жоқ.

Ыдекеңнің Оодақтың астанасы Мәскеуде СОКП жанындағы жоғарғы партия мектебін бітіріп келгеннен кейінгі қызметі Аралда екі жылдай басшылықта болғанын айтпағанда, негізінен тікелей 20 жылдан астам уақыт бойы облыс орталығындағы шаһармен тығыз байланысты. Ол Қызылорда қалалық партия комитетінің екінші, бірінші хатшылығына сайланады. 1982-1987 жылдары облыстық кеңес атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарғанда да осынау құтты орда оның әрдайым белсенді еңбек жолының орталығына айналады.

Қызылордадағы жұмыстың ең үлкені бас жоспар жасаудан басталды. Сол бойынша қаланың батысы мен шығысы ірі өндіріс орындарына, оңтүстігі құрылыс материалдары орталығына беріліп, қала тұрғындарының қоныстану массиві орталықтағы 9 көшеге шоғырлану керек болды. 9-12 қабатты тұрғын үйлер салу көзделді. Жапырайған ескі жер үйлер, тозығы жеткен ғимараттар, шағын өнімсіз, өң-реңсіз өндіріс орындары сыпырылып, толығынан жойылып, бұлардың орнына көпқабатты сәулетті үйлер мен жаңа ғимараттар салу қолға алынды. Қазіргі университет ғимараттары, орталық стадиондар, қалалық аурухана, парк, көптеген мектептер, кинотеатрлар, алаңдар, сквелрлер, т.б. сол кезде салынған нысандар. Бұдан бөлек облыс орталығында целлюлоза картон комбинаты, электр жылу орталығы, күріш, сүт, ет зауыттары, көптеген өнеркәсіп және өндіріс ошақтары пайда болды. Мыңдаған жұмыс орындары ашылып, қызылордалықтардың табыс көзіне айналуы өз алдына, осылайша заман талабына сай жаңаша қарқында қажымай-талмай жұмыс істеу өңірдің, қаланың экономикасын епкінді дамытуға мүмкіндік берді.

Бәрін айт та бірін айт демекші, Ыдырыс ағамыздың біздің облыстың басшылығында болғанда атқарған ілкімді істерінің ең шоқтықтысы оның обкомның бірінші хатшысы Е.Н.Әуелбековпен бірге тізе қоса отырып аймағымызды дамыту туралы одақтық басшылық биліктегі партия, кеңес органдарын жағалап, нақтылы мәселе қойып, қажеттілігі мен тиімділігін дәлелдеп, ресми қуатты құжат – арнайы қаулы шығартып, бекіттіріп ала білуі деп санаймыз. Құмкөл кенішін интенсивті түрде игеру, халыққа әлеуметтік жеңілдіктер жасау, басқа да қаржылай және материалдық көмектердің көрсетілуі біздің Арал экологиялық апат аймағындағы халқымыздың бағын ашқан осы белсенді қадамдардан басталып еді.

Қашан да қабырғалы халықты қара нардай айбынды да айдынды азаматтары басқарса керек-ті. Тегінде, билік тізгінін ұстаған қайсыбір басшының да өзіне әр деңгейде үкімет, елі көрсеткен сенім үдесінен шығып, іргелі істерді тындырып, артында ізгі із қалдыруға шама шарқынша ұмтылып бағатындығы белгілі жайт. Әйткенмен, сол жауапты қызметтерінде қандай нәтижеге қол жеткізе алатындығы ел ағасы атанған азаматтың тікелей өзінің іскерлік қарым қабілетіне, адами қасиетіне, білімі мен білігіне байланысты жүзеге аспақ. Ендеше осы тұрғыдан ой сараптасақ, Ыдырыс Қалыұлы бүкіл саналы өмірінде атқарған істерін елі мен халқы жоғары бағалайтын деңгейде жүзеге асырып, жақсы жетістіктерге жетіп, артында жақсы ат қалдырды деп тұжырымдауымызға толық негіз бар.

Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің бірнеше рет, Қазақстан КП съездеріне 6 рет, ВЛКСМ съездеріне 2 рет және СОКП-ның XXVII съезіне делегат болып қатысу мәртебесі сирек кездесетін бақ болып тек Ыдекеңе ғана бұйырды.

Тегіне тартпай ұл тумас, бұл ретте де ағамыз азаматтық һәм адамгершілік қалпынан айныған жоқ. Өзінің даңқты туп атасы Жалаңтөс Баһадүрдің туған елі мен жері үшін атқарған еңбектерін жарыққа шығарып көрсету мақсатында арнайы қор құрды. Осы қоғамдық ұйымға басшылық жасай отырып, аталған бағытта қадау-қадау жұмыстар тындырды. Баһадүрдің туғанына 425 жыл толуына арнап Қызылордада өткізілген республикалық ғылыми конференцияда ғұлама ғалым, академик Манаш Қозыбаев: «Дана туған Жалаңтөс Баһадүрсіз қазақ халқының тарихы толық болмайды. Оны кемеріне келтіріп, сабасында ұстайтын Бейбарыс, Абылай, Абай, Шоқан, Ахмет Яссауи сияқты ұлы тұлғалардың бірі – Жалаңтөс баһадүр. Өркениеттің өріне, сәнсалтанатты төріне сүйрейтін де солар» деп тұжырымды баға берді. Ежелден бауырлас қазақ пен өзбектің арасы жақындай түсіп, Самарқан, Бұхара жерінде екі жақтың ізгі ниетті азаматтары сан мәрте бас қосты. Жалаңтөс баһадүрдің кесенесі жаңа сәулет бойынша жаңғырды, Қызылордада еңселі ескерткіш орнатылып, көше мен мектепке аты берілді. Кітап шықты, деректі фильмдер түсірілді.

Әлі есімде, өткен жылы Ыдекең төсек тартып жатқанда біз облыс әкімі екеуміз көңілін сұрап барған болатынбыз. Сонда Қырымбек Елеуұлы Ыдекеңнің хал-жағдайын сұрастыра келе жылы сөздерімен жанын жұбатып: «Ал аға, бізге қандай тапсырма, не өтініш бар?» деп сауал қойған болатын. Ағамыздың бізге айтқан ақырғы аманаты мынау болды:

– Бүкіл Тұран елінің бас қолбасшысы, Самарқан уәләятының билеушісі болған атақты жерлесіміз, батыр бабамыз Жалаңтөс баһадүрдің атын ұлықтап, есімін мәңгілік ел есімінде қалдыруға өз елімізде, Қызылордада және Өзбекстанда бір қыдыру жұмыстар атқарылды. Сең қозғалды. Шүкіршілік. Алайда әлі де осы орайда аяқталмаған жұмыстар бар. Ол ұсыныстар өздеріннің де ойларында жүр ғой. Айналайындар, осыны аяғына дейін жеткізу өздеріне аманат.

Қайран қайраткер аға... Ақтық деміне дейін елі мен жеріне адал қызмет жасаған ұлағатты ұл болып өмірден өткен Ыдырыс Қалыұлының дүние салғанына жыл толуына орай осы тамыздың 25-ші жұлдызында арнайы ас беріліп, аруағына бағыштап құран оқылмақ. Ол кісі зейнетке шыққан соң да азаматтық белсенді қалпынан айныған жоқ. Облыстың барлық ірілі-уақты шараларына ат салысып, ой-пікір білдіріп, тілеуқор де батагөй абыз ақсақалымыз болып бақилыққа аттанды. Адам қызығарлықтай өнегелі де өрнекті өмір сүріп, сирек те тағылымды тағдырдың егесі болып бұл фәниден озды. Артында жақсы аты, ғұлама шежіредей шерткен хаты, ал ең бастысы ұлағатты ұрпағы қалды.

Ағымнан жарылып ашығын айтсам, менүшін Ыдекең туралы ой-пікір бөлісу әрі жеңіл, әрі қиындау. Оңай болатыны мен қадірменді ағамызбен құдай қосқан мың жылдық құдамын. Қанзира құдағи екеуінің кенжеміз деп бауырына басқан құлыншақтары Нұргүл біздің Дәулет баламыздың келіншегі. Осыдан келіп бұл текті әулетпен қарым-қатынасымыз, Серікжан құда және Гүлнар құдағимен, Фарида құдашамен өзара сый-құрметіміз көптен бері сәтімен өркен жаю үстінде. Алла жазса, сол сүттей ұйыған жарастықты қалпымыз ұзағынан жалғасын таба береді деп сенемін. Оған дәнекер біздің көңіл төріндегі бір-бірімізге деген сыралғы сыйластығымыз және ең бастысы екі жаққа ортақ Әселдей тәтті немерелеріміз. Осындай жеңгжат жұғаттық, тіршілігіміздегі тамаша араластығымыз ол әулет туралы көкейімде орнықты, айнымас оң пікір қалыптастырған.

Алендітақырыптыңқиындығына келсек, мен үшін Ыдекең жарты ғасырға жуық өзім сырттай, іштей танып біліп, қайраткерлеріне һәм адамгершілігіне әлдеқашан басымды иген рухани ағам, жақын жуығымдай. Ол кісіні әманда өнеге тұтып, ғибратты өмір жолын үлгі етіп, әруағына білгенімше дұға, тілек бағыштап отырамын. Ал жүрегіннің төрінен есіміне елеулі орын берген бауырындай жайсаң жан жайлы әрдайым тебіренбей, толғанбай, ойланбай сөйлеу немесе жазу қиынның қиыны екендігін әркім-ақ білсе керек. Ең бастысы, жан-жағына шарапатты шуағын шашқан Ыдырыс Қалыұлындай тұлғаның өнегесі мен ардақты аты ел есінде өшпестен мәңгілік қалса екен деймін.

Бақберген ДОСМАНБЕТОВ, академик.

TANYM

ӘЖІМБЕТ ЖАСАҒАН АСАДАЛ

Қай дәуірде болмасын қазақ ұсталары жасаған дүниелері өз құндылығын ешқашан жоғалтқан емес. Оның дәлелі – еліміздің музейлер қорларындағы сақтаулы тұрған ұлттық үй жиһаздары.

Жалпы қазақ халқы үй тұрмысында жиһаздардың бірнеше түрін пайдаланған. Солардың бір түрі – асадал. Этимологиясы «ас және адал» деген сөздерден құралады. Жиһаз негізінен шкафтың қызметін атқарған. Этнографиялық деректерге қарағанда асадалдың бірнеше түрі болған және түркі халықтарының бәрі пайдаланған екен.

Солардың бірі – буфет етіп жасалған асадал. Жиһаздың бұл түрі кебежеге қарағанда биік, бүгінгі күні әр үйде тұратын «буфет шкаф» қалыбына келеді. Осыдан-ақ, өткен заманның дүниелері заманауи пішінмен бүгінге қайта оралып жатқандай. Асадал қазіргі уақытта облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Этнография» залында орналасқан.

– Асадал қазіргі уақытта елімізде сақталған басқа асадал түрлеріне ұқсамайды және өзіндік пішінімен ерекшеленеді. Асадалдың екі ашпалы есігі бар. Ең үстіңгі ашық бөлігіндегі ою-өрнектерде көңіл аударарлық. Маңдай бетіндегі гүл тәріздес оюлар және қаз мойын өрнектермен өз реңкін, нақышын тапқан. Ал бет жағы, екі жаны төрткүлденген және бір зер саларлық нәрсе төрткүл іші қауызын жарған гүл тәріздес ою бедерленіп, айналасына оюмен безендірілген өрнектер жүргізілген. Асадалды жасау барысында ақ, қара, қызыл және сары түстер пайдаланылған. Осындай әртүрлі ою-өрнек, түстердің бір-бірімен қиылысуы, үйлесуі, шебердің ұсталық өнерінің жоғары дәрежеде болғандығын көрсетеді, – дейді музей қызметкері Әйгерім Бекқұлиева.

Асадалдың авторы – XX ғасырдың I жартысында Арал-Қазалы өңіріне танымал болған Әжімбет Қарайғыров деген ағаш ұстасы. Ол 1888 жылы дүниеге келген, 1937 жылы Сталиндік зұлматтың құрбаны болған, 1953 жылы қайта ақталған. Музей қызметкерлері тарапынан жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары асадалдың бетінде халық арасында «Қараның Әжісі» деген есіммен таныс ұстаның тал бесіктен жер бесікке дейінгі басынан өткерген өмірін ою-өрнектер көмегімен суреттегінін көрсетті.

Бұл жерде асадалдың Қазақ ССР-нің Мәдениет министрі Өзбекәлі Жәнібековтің қызығушылығын тудырғанын айтуымыз қажет. Сол кездегі музей қызметкерлерінің айтуынша, Өзбекәлі ағамыз асадал бетіндегі ою-өрнектерге алғаш рет сипаттама берген. Ұстаның балғын балалық шақтан егде тартқан кезіне дейінгі қызығы мен қиындығы қатар жүрген өмір жолын ою-өрнектер тілімен баян еткенін және аталған асадалдың қазақ даласында өте сирек кездесетінін айтып кеткен екен. Өкініштісі, асадалдың сипаттамасы қағаз бетіне түспеген. Осының өзі Әжімбет ұстаның қолынан шыққан дүниелер қазақтың ағаш өңдеу өнеріндегі бірегей құндылық деп айтуымызға әбден болады.

Жергілікті халықтың айтуынша, Әжімбет ұста көптеген құрал-сайман, әр түрлі жабдықтар және басқа да үлкенді-кішілі үй жиһаздарын жасаған. Келешекте халық қолында сақталған ұстаның төл туындыларының әлі де табылатыны күмәнсіз.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ, «Сыр бойы».

Адамды өз ортасында сый-құрметке бөлеп, қадірлі ететін кісілік келбет, азаматтық ұстаным, адамгершілік бітімболмыс. Балалық, жастық шағымыз бірге өткен, бүгінде алпыстың асқар белесін бағындырып отырған досым Қазтай Тоқтасынұлы туралы айтқанда бірінші оның осы қасиеттері ойға оралады.

Қазекең екеуміз бала кезден бір ауылда өсіп, мектепте бірге оқыдық. Жастайымыздан еңбекке араластық. Ол жылдары мектеп оқушыларын 5-6 сыныптан бастап жазда пішен оруға, күзде күрішке комбайн ала алмайтын сабағын ору жұмысына алып кететін. Одан басқа кезекпен қой бағу, ауылдан 60 шақырым жерден, Қызылқұмның шетінен машинамен сексеуіл әкелу, қыстың қақаған аязында ауыл шетіндегі ұңғымадан есекке артып флягамен су тасу мектеп жасындағы балалардың жұмысы болатын. Қазір заман өзгерді, айтылғандар кейінгі ұрпаққа ертегі сияқты. Соған қарамай мектепте де жаман болғанымыз жоқ.

БОЛМЫСЫ БӨЛЕК ҚАЗЕКЕҢ

Қазекеңнің оқушы кезінен талабы зор, білімге деген ынтасы ерекше болды. Сол талап пен ынтаның, алдына қойған мақсатының айқындығынан болар, арман жүгін арқалап Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетіне оқуға түсті. Студент кезден бастап белсенділігімен, ойының тиянақтылығымен, ұйымдастырушылық қабілетімен студенттер ортасында абырой биігінен көрініп жүрді. Оны мен Тараз қаласында оқып жүрсем де, каникулдарда Алматы шаһарына, мектептес достарға қыдырып барғанда жиі байқайтынмын.

Студенттік шақтан кейін туған жерге қайта келіп, еңбек жолын бірге бастадық. Жолдамамен келген жас маман Қазекең жұмысқа білек сыбана кірісті, облыстық агрохимиялық зертханасында аға агрохимик болды. Сол жылдары Сыр өңірінде ауыл шаруашылығын дамыту, күріш алқаптарын толығымен игеріп, одан мол өнім алу бүкілодақтық шараға айналған болатын. Сырдария суын толығымен егіншілікке пайдалану, жаңадан тың жерлерді егін алқаптарына айналдыру партияның қадағалауымен жүргізілетін. Әрине, жаңа бастамалардың оңы да, терісі де болады, мол өнім алумен қатар күріш алқаптарының жай-күйі нашарлай бастады. Осы кезеңде күрішті жердің мелиоративтік жағдайын қадағалау, ондағы топырақ құрамына үздіксіз талдау жасау облыстық агрохимиялық зертханасының негізгі міндеттерінің бірі болатын. Қазекең осы кезеңде өндіріспен қатар, ауыл шаруашылығын дамыту жолдарын қарастыратын ғылыми конференцияларға қатысып, сорланған жерлерді қалпына келтіру, топырақ құрамын тыңайту, онда өсіруге қолайлы өсімдіктер турасында тың ойлары мен ұсыныстарын ортаға салып, ғылыми мақалалар жазып, жарыққа шығарып жүрді. Ғалым-агроном мамандығы бағытындағы жұмыстарын үзбей, ғылыми ізденістерін жалғастырған болса, Қазекеңнен мықты ғалым шығатын еді.

Қазекеңнің өмір жолының келесі есте қалатын кезеңі – ол коммунистік партияның адал досы комсомолмен тығыз байланысты. 1982 жылдан бастап Қызылорда облыстық комсомол комитетіне қызметке шақырылып нұсқаушы, бөлім меңгерушісі, тексеру комиссиясының төрағасы болып жұмыс жасады. Бұл кезең жастардың нағыз кәсіби маман есебінде қалыптасатын шағы болатын. Қазақстан комсомолының сол кездегі көшбасшысы Иманғали Тасмағанбетовпен тығыз байланыста болып, онымен бірге жұмыс жасау, облыстың экономикасын көтерудің саяси платформасын іске асыру екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Қазекең бұл бағытта да тиянақты, тиімді еңбек етті, БЛКЖО орталық комитетінің Құрмет грамоталарымен марапатталды, алғыс хаттар алды.

Қазекең өндірістен қол үзген жоқ. 1991-1993 жылдары «Мерей» шағын кәсіпорнының директоры қызметін атқарып, 1993 жылдан 1997 жылға дейін Қызылорда агроөнеркәсіп инженерлері институтының емдеу-сауықтыру кешені басшысы болды. Қайнаған еңбектің ортасында жүрсе де "мен болдым, толдым" деген жоқ. Керісінше, ізденген үстіне ізденіп, өзін жетілдіруді үнемі қолға алатын. Соның нәтижесінде 2000 жылы Қызылорда мемлекеттік университетін экономика және менеджмент мамандығы бойынша бітірді. 1997-2009 жылдары салық органдарында инспектор, бас маман, бөлім бастығынан басқарма басшысына дейін көтерілді. 2009-2017 жылдары Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы басшының орынбасары қызметін атқарды. 2017 жылдан бастап «КЭИС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты топ компанияларында бас директорының орынбасары болып жұмыс жасауда. Сонымен қатар, «ЭлектроТехнология» ЖШС жанынан оқу орталығын ашып, сол орталықтың директоры болып бекітілді. Ол жерде де электр және электрмен дәнекерлеуші мамандарын дайындап, олардың жұмысқа орналасуына атсалысып келеді. Қарап отырсаңыздар, Қазекең 40 жылдай еңбек етіпті. Құдайға мың да бір шүкір, абыройлы болды, атқарған еңбектері де елеусіз қалған емес. Мәселен, комсомолдың құрметінен басқа, Қазақстан қаржы министрінің, Қызылорда облысы әкімінің Құрмет грамоталарымен «Салық қызметінің үздігі» төсбелгілерімен марапатталды. Бұлардың барлығы Казекеңнің қандайда бір қызметте болмасын барынша адал, облыс экономикасын нығайту жолында аянбай еңбек еткен тәжірибелі қызметкер, білікті маман ретінде қалыптасқандығының айғағы.

Адамдықтың биік тұғыры – тектілік десек, бұл қасиет адам бойына алыстан емес, әкенің құты, ананың сүтімен дарады. Қазтайдың әкесі Тоқтасын ағамыз Жалағаш ауданындағы «Мәдениет» совхозында жұмысшылар комитетінің төрағасы, совхоз директорының орынбасары қызметін атқарған, елдің абыройлы азаматтарының бірі болған. Ал анасы Бибісара апамыз №32 орта мектепте ұзақ жылдар бойы ұстаз болып зейнетке шыққан. Немеренің үлкені болғандықтан Қазекең әжесі Қыздарқұлдің тәрбиесінде өседі. Ол кісі де өз заманында іскерлігімен, адамгершілік қасиеттерімен ел аузында қалған кісі. Осындай жандардан тәрбие алып өскен оның жаман болуы мүмкін емес-ті.

Қазтай ағайын-туысқа ғана емес, достарының да ортасында сыйлы, абыройлы азамат. Мектепте 22 бала балалықты бірге өткізіп, бірге жүріп оқысақ та, өмір иірімімен әрқайсымыз әр жерде жүріп жатырмыз. Елге сағынышпен келгенде бәріміздің басымызды қосатын осы Қазекең. Әлі күнге дейін осы әдетінен таңған емес. Жары Жұлдызай екеуі шаңырағына келген қонақты сый-құрметсіз қайтармайды. Бұл достыққа, сыйластыққа деген адалдығы болса керек. Ол жайлы әңгіме қозғағанда оның кез келген істе адал, жан баласының көңіліне кірбің түсірмеуді, жүрген жерін ақ көңіл, ақ жарқын пейілімен нұрға бөлеп жүретінін айтпау мүмкін емес. Көңіліне қаяу түскен адам көрсе, оның көз жасын сүртіп, жағдайының жақсы екенін білмейінше, көңілі бір тынбайды. Жан-жағындағыларға тек жақсылық жасауға асығып отырады.

Қазекеңе тән ерекшеліктің бірі – әзіл әңгімелер мен анекдоттарды майын тамызып айтатындығы. Өз ортамызда әзілді жақсы айтып, қалжыңмен қағытып, бәріне жақсы көңіл күй сыйлап отырады. Өлең шығаратын ақындығы да, кейбір тұстарда өлеңмен жауап беретін тапқырлығы да бір бойынан табылады. Бірде жолаушылап Түркістан қаласынан өтіп бара жатып, сол жерде тұратын Ахметжан Тұрабаев деген ауылдас ағасына киелі мекеннің облыс орталығы мәртебесін алуымен құттықтап хабарлама жібереді. Оны оқыған ағасы жауап ретінде қой жайып жүрген баланың суретін жіберіпті. Онысы «Келсең қонақасы дайын, қонақ бол» деген ишараты болуы керек. Оны көрген Қазекең:

Әлмахан төбесінің етегі ме?
Туған жергеештеңе жетеді ме?
Кезекпенен қой баққан сол бір кездер
Сірә, да естен шығып кетеді ме? –

деп бала кездегі естеліктері есіне түсіп, осылай жауап қатады.

«Еңбек, еңбек түбі зейнет» деген сөз бар қазақта. Сол жасқа жақын жерде жүрген Қазекең алпыс деген аға жасына келіп отыр. Құдай қаласа, зейнеткер жасына жеткенде оны да тойлармыз.

Қазтай досымыз бұл белеске оңай жеткен жоқ, ел ағілігі жолында қызығы да мол, қиыншылығы да жетерлік, халқының алдында абыройлы қызмет жасап келді, әлі де жасай беретіндігіне кәміл сенеміз. Адалдықтан танбай, ізгіліктің ізін салып келе жатқан оның бүгінгі ісіне, еңбегіне біз достары, ауылдастары мақтанышпен қараймыз.

Оразхан ҚАРЛЫХАНОВ,
техника ғылымдарының докторы,
ҚР ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі.
Тараз қаласы.

SHEKARASHYLAR KÚNI

Мемлекет шекарадан басталады. Міне, сондықтан да егемен еліміздің қол жеткізген ұлан-ғайыр табыстарының бірі ел аумағының тұтастығын бекіткен әрі оны мызғымастай етіп шегендеген шекарасы болып табылады.

ШЕКАРАДАҒЫ КҮЗЕТ – ЕРЕКШЕ МІНДЕТ

Шекараның қырағы қорғалуы мемлекеттегі бейбітшілік пен тұрақты дамудың негізі. Сондықтан, Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері сонау 1992 жылғы 18 тамызда Президент Жарлығымен КСРО Шығыс шекаралық округінің базасында құрылды.

Біздің батыр бабаларымыз о шеті мен бұ шетіне құлан жортса тұяғы тозатын, қыран ұшса қанаты талатын ұлан-ғайыр жердің шебін жанқиярлықпен қорғады. Бүгінгі бейбіт заманда Ұлы даламыздың шебін қорғаушы жауынгер-шекарашылар да сол батыр бабаларымыздың бүгінгі буыны.

Бүгінде бес мемлекетпен шектесетін және жалпы ұзындығы 15 мың шақырымдай болатын шекарамызда 300-ге жуық застава құрылған. Осы заставаларға сан тараптан сұқтанған жатжұртқа атамекеннің қарыс қадамын бастырмай, ұрпағына мирас еткен батыр бабалардың аты берілуде.

Атап айтсақ, 2017 жылдың 3 сәуірінде қабылданған №157-ші Үкімет қаулысына сәйкес, Өзбекстанмен арамыздағы шекарадағы Қызылорда шекара отрядының 2019-шы әскери бөлімінің «Қызылқұм» шекара заставасы Жанқожа батырдың атымен аталды. Бұл еліміздің Шекара қызметі құрамындағы оныншы атаулы застава.

Бұл ел шебі мен ұлттық қауіпсіздікті қорғаушы шекарашыларымызды дархан далаға қалқан болған батыр бабалардың ұлы рухында, Мәңгілік елдің мақсат-мұратында тәрбиелеуге үлес қосады. Екіншіден, «Туған жер» бағдарламасы аясында, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері арқылы жас ұрпақтың туған жер тарихын тануына ықпал жасайды. Ел тарихында ерекше орын алған тұлғалардың атын мәңгі қалдыруға қызмет етеді. Бабалар атымен аталған шекаралық заставалар – өзге мемлекеттер азаматтарына Қазақстанды әз тарихын және ерлерін ұлықтайтын, ұмытпайтын, солардың биік рухымен рухтанатын өркенді ел ретінде көрсетеді. Мұндай шаралар ұлттық сананы жаңғыртуға бағытталған маңызды қадамға айналды.

Тәуелсіздіктің арқасында қазақ елі ұлан-байтақ жеріміздің шекарасын бекемдеп, мызғымастай беріктігі мен тұтастығын дәлелдеді. Еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ұлан-ғайыр мемлекеттік шекарамызды қорғауда сарбаздардың сіңірген еңбектері ерлік үлгісімен пара-пар. Ел шетін қорғаған сарбаздардың әр сәті түрлі оқиғаға толы. Солардың бір парасын назарларыңызға ұсынсақ.

Қармақшы ауданының шалғай ауылдарының бірі – Қуандария елді мекенінде «Қосшың» шекара заставасы орналасқан. Капитан Алмас Досқараев басқаратын шекарашылар ауыл адамдарымен етене арасып кеткен. Қажет болған жағдайда шекарашыларға көмек етіп, қол ұшын беру үшін тұрғындардан ерікті жасақшылар құрылған.

Бірде, елсіз құмда шекара шебін күзетіп жүрген сарбаздар мотор дыбысын естігендей болады. Үніне қарағанда құдықтан су тартатын немесе жарық беретін дизельді агрегат сияқты... Ал, мұнда отырған шопандар ауылы жоқ. Бұл сарбаздардың сезігін ұлғайта түсті. Сол күні шекара отрядының десанттық-шабуылдаушы заставасы құм кешіп, қалың сексеуілдердің ішін шиырлап, із кеседі. Суырма құм әлі бетін жауып үлгермеген жаңа ізге түскен шекарашылар ақыры кешке таман сай ішінде қаңтарулы тұрған «УАЗ» көлігінің үстінен түседі. Төбе басына шыға келген шекарашыларды көріп, қапы қалғанын сезгендер дереу қашпақшы болады. Бірақ, кеш қалды.

Қалың сайдың ішіне тігілген қоста екі адам қолға түседі. Қызылорда қаласының тұрғындары екен. Олар қарасора егумен айналысып жүргендер болып шықты. Жайқалып өскен улы өсімдікті мұқият іздемесе, бірден байқау қиын еді. «Бақшаның» басына сексеуілден қос жасалыпты. Бір қызығы, мұнда «диқандардың» күнделікті өміріне қажетті жағдайдың барлығы дерлік жасалған. Азық-түліктің мол қоры жасақталған. Тамақтарын дайындауға газ баллондарын пайдаланыпты. От жақса, түтінді байқап қояды деп секемденсе керек. Қостың қасында су скважинасы бар. Осыған қарағанда, қарасора өсірушілердің жоспарларын іске асыруға мұқият дайындалғандары көрініп тұр. «Алқапты» суаруға пайдаланатын дизельді агрегаттың үстінен шыққан кездерінде шекарашылар мән-жайды бірден түсінді. Дырылдаған даусы алысқа кететінін білетін контрабандашылар қылмыстарын жасыру үшін дизельді тек таң алдында, маңайдағы ауыл адамдары ұйқыда жатқан кезде қосатын болған. Тек, олар өздерінің шекара аймағында екенін, мұнда құс ұйқылы шекарашылар мен олардың қырағылықты ешқашан естерінен шығармайтын көмекшілері бар екенін ұмытып кеткен сыңайлы. Ертеңіне келіп жеткен құзырлы мекеме қызметкерлерінің қатысуымен 344 түп қарасораның көзі жойылды. Сөйтіп, мол пайда табудың жолына түскендердің арам ойлары іске аспай қалды. Бұл операцияға тәжірибелі шекарашылар тартылды. Олар қызмет итінің аға нұсқаушысы, сержант Жеңісбек Бектібаев, ефрейтор Нұржігіт Жұстаев, қатардағы жауынгерлер Рамиль Ирисбеков, Темірхан Ильмурадовтар еді.

Тағы осындай сора алқабын «Тұщықұдық» заставасының шекарашылары да қызмет барысында әскере қылды. Айдарлы елді мекенінің қасынан көлемі 100 шаршы метр аумақта қолдан өсірілген қарасора егістігін анықтаған. Мұнда есірткі өсімдігінің 2043 түбі түп-тамырымен жойылды.

Бұл – Қызылорда шекара отряды үшін шекара шебінде өрбіген жалғыз оқиға емес. Соның ішінде бір ғана «Қосшың» шекара заставасының шекарашылары қаншама заңсыздыққа тосқауыл қойды. Бір мысал, өткен жылы заставаның учаскесі арқылы үш жарым тонна мыс пен 700 келіге жуық спиртті көрші елдің аумағына заңсыз асырмақ болған контрабандашылар қолға түсті. Сонымен қатар, еліміздің оңтүстігіндегі қазақ-өзбек шекарасында орналасқан Қызылорда шекара отрядына қарасты «Шопанқазған» заставасының наряды шекара бойына үлкен көлемде жасырылған спирт өнімдерін тапты. Олар бір жарым литрлік шөлмекке құйылған спирт өнімдері бар 200 қапты тәркіледі. Әр қапта 25 дана шөлмектен шыққан. Бұл контрабандамен айналысатындар үшін үлкен соққы болды. Шекарашылардың қырағылығы арқасында заңсыз сауданың жолдары осылайша кесілуде. Бұл Отан алдындағы адалдығына берік шекарашылардың ел шебін көздің қарашығындай қорғап тұратындығының белгісі.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».

1-бет

БЕЛЕСІ БИІК СЫР СПОРТЫ

Ал, енді нақты деректерді сөйлетіп көрсек: жыл басынан бері облыс спортшылары ҚР чемпионаттарында 1027 медаль (347 алтын, 317 күміс, 363 қола); Азия және Әлем чемпионаттарында 81 медаль (21 алтын, 23 күміс, 11 қола) иеленіпті. Су текшеленіп, дән тонналанып өлшенсе, спорт мерейі медальмен бағаланады, әрине. Санамалап жатқанымыз да сол.

Сонымен бірге, осы уақыт ішінде 1 ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, 2 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 17 спорт шебері, 474 спорт шеберіне үміткер және I разрядты спортшылар дайындалған. Әртүрлі спорт бойынша 470 қызылордалық атлет Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командасының сапына енген.

Биыл облыс тарихында алғашқы болып Айбек Шаукилов киокушинкайкан каратэден жастар арасында Әлем және Азия чемпионы атанып, Украина жерінде еліміздің әнұранын шырқатты.

Еркін күрестен Дәулет Ниязбеков үш дүркін Азия чемпионатының алтын медалін мойына тақты. Жастар арасында ММА спортынан Ғани Әділсерік Әлем чемпионатында атой салса, самбодан Ғалымжан Абдрахманов Әлем кубогының күміс жүлдесіне қол жеткізді. Каратэ-додан Мөлдір Жаңбырбай үшінші мәрте Азия чемпионы атанды.

Шахмат тақтасына қарсылас шыдатпайтын Әсел Серікбай мен Назерке Нұрғали алдағы қыркүйекте Түркияда өтетін Әлем чемпионатына барады, мұнан әрі Әсел Батумида болатын шахматтан ересектер арасындағы тартыста бақ сынамақ.

Биылғы жылдың басты да маңызды оқиғасы – төрт жылда бір келетін дүбірлі дода Индонезияның Джакарта қаласында 18 тамыз - 2 қыркүйек аралығында өтетін XVIII жазғы Азия ойындары. Бұл жарысқа облысымыздан 17 спортшы қатысып, 9 спорт түрінен өнер көрсетеді. Олардың арасында қызылордалықтарға енді таныла бастаған байдарка және каноэде есу спорты мен гандбол, көгалдағы хоккей секілді командалық ойындар да бар.

Сонымен бірге 2-13 қазан аралығында Джакартада жазғы Пара Азия ойындары өтеді. Оған облыстан 9 спортшы қатысады. Олар жеңіл атлетика, пауэрлифтинг, парадзюдо, отырып ойнау волейболы секілді спорт сайыстарына түседі.

Сонымен қатар, 6-18 қазан аралығында Аргентинаның Буэнос-Айрес қаласында өтетін жасөспірімдер олимпиадалық ойындарына облыстан 4 спортшы бақ сынасады.

Осы жылы дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданушылар қатары 27 процентке көтеріліп, 211 271 адамға жетіп отыр. Бұқаралық спортты одан әрі дамыту үшін бүгінгі таңда мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыс шеңберінде бюджеттен 120,6 млн теңге бөлініп, 282 спорт нұсқаушы 138 елді мекенді қамтып, 41 040 мың адамды тұрақты дене шынықтырумен шұғылдануға баулып келеді.

Елді мекендерде спорт нысандарына қолжетімділігін арттыру мақсатында биыл Қазалы ауданы Жанқожа батыр, Жалағаш ауданы Мәдениет, Сырдария ауданы Ақжарма, Шиелі ауданы Еңбекші, Жаңақорған ауданы Түгіскен ауылдарында және Арал ауданының Сексеуіл және Қармақшы ауданының Төретам кенттерінде 7 спорт кешені пайдалануға берілді. Сондай-ақ, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептер желісін ұлғайту және шұғылданушылар санын арттыру барысында мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында 2018 жылы 7 жобаны іске асыру бағытында жұмыстар атқарылып жатыр. Атап айтқанда, Жалағаш кенті мен Таң ауылдық округінде, Жаңақорған кенті мен Сүттіқұдық ауылдық округінде, Шиелі ауданында Бестам, Төңкеріс пен Бекежанов ауылдық округтерінде дене-шынықтыру сауықтыру кешендерін жалға алу ісі атқарылуда.

Бұқаралық спортты дамытудың негізгі жолы – жарыстарды көптеп өткізіп, халықты спортқа тарту. Осы мақсатта облыс аумағында 824 бұқаралық спорттық іс-шаралар өткізіліп, оған 144 817 адам қатысқан.

Соның ішінде 8 мыңнан аса спортшының өнер көрсетуімен қазақ күресінен өткен «Алтын белбеуді», 8 мыңға жуық оқушының қатысуымен «Нашақорлыққа жол жоқ!» «Бәрің де жарысқа!» атты көңілді эстафетаны, мүмкіндігі шектеулі азаматтар арасындағы облыстық спартакиаданы атауға болады. Жауынгер-интернационалист Б.Шалғынбаевты еске алуға арналған футзалдан республикалық турнир, самбодан Кеңес Одағының батыры Т.Көмекбаев атындағы халықаралық мемориал және Қармақшы ауданының құрметті азаматы Б.Сүлейменов атындағы халықаралық турнир, т.б. облыстық, республикалық спорт мерекелерінің ұйымдастырылуы халықты салауатты өмір сүруге тарту бағытындағы жұмыстар екенін атап айту ләзім.

Байқоңырда ҚР Президенті жүлдесіне арналған VI облыстық халықтық спорт ойындары өткізіліп, оған 12 спорт түрінен 1300 спортшы қатысты. Осы ойындардан іріктелген спортшылар 21-25 қыркүйекте Маңғыстау облысы Ақтау қаласында ҚР Президенті жүлдесі үшін өтетін республикалық халықтық спорт ойындарында облыс намысын қорғайды.

Сондай-ақ, футболды дамыту мақсатында алтыншы жыл қатарынан қала мен аудандарда бес ай бойы (мамыр-қыркүйек) әр аптаның сенбі күндері футболдан облыстық чемпионат өткізілуде. Жастардың салауатты өмір салтын ұстануға, бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында дәстүрлі бұқаралық веломарафон және жүгіру маусымы да жалғасуда.

Жыл басталғалы бері 13 Қазақстан чемпионаты, 5 халықаралық, 26 республикалық турнир, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері арасында 27 облыстық біріншілік ұйымдастырылып өткізілді.

Атқарылған шаралар нәтижесінде мүгедектер спорты да дамып келеді. Мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыс шеңберінде Қызылорда қаласы мен аудандарда мүмкіндігі шектеулі азаматтарды спорт түрлерінен қолдау мақсатында әлеуметтік жоба жүзеге асырылуда. Жоба аясында «Қызылорда облысының Паралимпиялық комитеті» қоғамдық бірлестігі жұмыс жүргізіп отыр. Бүгінгі күні 300-ден аса мүмкіндігі шектеулі спортшы 11 спорт түрімен айналысады. Биылғы жылы демеушілер тарапынан Паралимпиялық комитетке 3 би арбасы сыйға берілді.

Ал, енді алдымызда қандай міндеттер тұр дегенге келейік. 2018 жылғы міндеттердің қатарына жүйелі дене шынықтырумен айналысушылар санын 28 процентке жеткізу; дене шынықтыру және спортпен айналысатын 7-18 жастағы балалар мен жасөспірімдерді жалпы балалар мен жасөспірімдер санынан қамтуды 14 процентке дейін көтеру; облыс спортшыларының қысқы олимпиада ойындарына, жазғы Азия ойындарына, жазғы жасөспірімдер олимпиада ойындарына дайындығы мен қатысуын қамтамасыз ету; «Қайсар» командасының премьер-лигада үздік алтылықты иеленуі; Қызылорда қаласындағы орталық стадионның қайта жаңғыртудан өткізілуі – қажырлылық пен туған елдің бедел-абыройын биікке шығаруды ойлайтын останшылдықпен орындалатын міндет.

Сыр спортының жетекшілері мен сайыпқырандарының бұл міндетті мүлтіксіз орындай алатынына бек сенімдіміз.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы».

ЕЛІ ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛШЕКЕН

Осы әңгімеге өзек болар кейіпкер – ел сөзін сөйлеп, бірлігін сақтауға сеп болған адам. Былайынша айтқанда, ел мен Елшекенді айырып қарау мүмкін емес. Олай дейтінім, бар саналы өмірін жұрт жағдайы мен халық амандығына арнаған абзал ақсақалдың абыройлы ғұмырын санамалап шықпасам да, естігенім мен көргенімді баян еткім келді.

Былайғы жұрт Елекең деп құрметтейтін нағашымды біз «көке» деп өстік. Көрші-көлем, жасы кішілер солай атады. Сырт көзге сұсты көрінетін сол көкемнің ел біле бермейтін үлгі боларлық сан қасиеті көп. Сонау алыс заманның куәгеріндей, ел қошеметіне бөленген Елшекен Қуанышбаев туралы ел не айтады?

Сырдың төменгі ағысындағы жұпыны көп ауылдың бірі «Ақбөгетте» 1928 жылы дүниеге келген ол тұрмыс тапшылығын көріп, балалық, жастық шағын ерте қиды. Соғыстың ауыр жүгін бөлісу үшін еңбекке араласты. Табиғатынан зерек, құймақұлақ жас бала соғыс зардабына қарамай оқуын жалғастырды. Білім жолында үздіктер сапынан көрінді. Жиырманың белесінен енді асқан жас жігіт білімін ұстаздықпен жалғастырды. Өзін туған ауыл өміріне, мектептегі оқу-тәрбие жұмысына арнады. Ұйымдастырғыш, болашағы зор, қарымы мол азамат халық көңілінен шыға білді, сенімге ие болды. Әуелі оқу ісінің меңгерушісі, бірер жылдан соң директорлыққа ұсынылды.



«Елу жылда ел жаңа» дейді қазақ. Заман құбылып, қоғамға оң өзгерістер еніп жатты. Көп ауылдың басы біріге бастады. Ауыл ішіне енген мұндай жаңалыққа ол да үрке қарамай, ел ағаларымен бірге тізе қосып, білек сыбана, белсене араласты. «Жаңақұрылыс» атанған бұл жұрттың тұрмысын жақсарту, яғни мектеп жаңарту, интернат салу, малшы қауымның балаларын орналастыру сияқты толып жатқан қауырт тіршіліктің бел ортасында жүрді.

1974 жылы Жаңақұрылыс ауылдық кеңесіне төраға болып сайланып, 1989 жылға дейін үздіксіз ауыл өмірін жақсартуға үлес қосты. Еңбек ескерусіз қалмады, марапатқа ие болып, құрмет төрінен көрінді. «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі» атанды. Аудандық, сонымен қатар бірнеше ауылдық кеңестерге депутат болып сайланды, абыройлы ел ағасына айналды. Аға буын Елшекен туралы осылай дейді. Бармақтай бақтың өзінен кейде пенде шіркіннің басы айналатыны рас. Бірақ ол қалпын сақтады, ойы бұзылып, ешкімнің алдын орағытып кетпеді. Сол баяғы кішіпейіл қалпында қалды.

ТӨККЕН ТЕР ТЕККЕ КЕТПЕДІ

Қазыналы қария ел жағдайының жақсарғанын көрді. Өзінің ұсынысымен Жаңақұрылыста балабақша, емхана, мектеп салынды, ауыз су құбыры жүргізілді, телефон мұнарасы орнатылды. Сөз жоқ, осы нысандардың салынуына Елшекеннің дуалы ауыз сөзі, ардагерлік пейілі сеп болды. Әсіресе, Қаратерең мен Жаңақұрылыс арасына Көкарал бөгетін салған құрылысшыларға ел атынан ұсыныс тастап, тас жол құрылысын, көлдердің сағасына су тоспаларын жүргізуде ақсақалдың ақыл-кеңесінің орны бөлек еді.

Елшекен ақсақал «су бар жерде тіршілік тоқтамақ емес» дейтін сөзін үнемі айтатын. Әсіресе, Қазалы ауданы, Бекарыстан би ауылы арқылы келетін «Қара арық» каналы үшін талай жерге барды, табанын тоздырды. Сондағысы халық егін салып, еңбегінің рахатын көрсе деген тілек. Дегеніне жетіп, жас жігіттерді өзі бастап, сол каналдың ұңғыл-шұңғылын тазалап, талай жылдан бері су жүрмей, кенезесі кепкен каналды аршыды. Тиісті орындарды жағалап, су айдатты. Сондай қажырлы құлшыныстың арқасында Жаңақұрылыс халқы тарыдан мол өнім алды, бала-шаға қауын-қарбызға мейлінше тойды. Сол көкем бастап кеткен диқаншылық ауылдағы ағайынның қазіргі кәсібіне айналды.

ЕЛ АҒАЛАРЫНЫҢ ЕСТЕЛІГІНДЕ

Шәкірат Дәрмағамбетұлы, КСРО және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР еңбегі сіңген мәдениет қайраткері:

– Иә... Елшекен отты, бұла күші тасыған қайраткер болатын. 1953 жылы-ақ халық оны қалаулылар қатарына қосты. Шекаралық қоныс болғандықтан ба Жаңақұрылыс бірде Арал, бірде Қазалы аудандарының аумағына беріліп, жетім баланың күйін кешкен. Кеңшарлық статусын алғанға дейін Қаратерең, Сойғанды, Майдакөл ауылдық кеңестерінің қол астында жүрді. Қуанышбаев болса, осы жергілікті кеңестердің бәріне депутат болып сайланды және халық депутаттары Қазалы аудандық XVI, XVII, XVIII шақырылымдарында да депутаттық мандатқа ие болды. Осындай үлкен басқосуларда ауылының жоғын жоқтағанына талай мәрте куә болдық.

Нәжмадин Мұсабаев, ҚР құрметті құрылысшысы, Арал ауданының құрметті азаматы:

– Әрбір ауылдың, елді мекеннің, ұжымның, шаруашылықтың ішінде сөзіне, іс-қимылына төңірегіндегі адамдар сеніммен қарайтын, сыйлайтын, сөзін жерге қалдырмайтын адамдар болады. Жаңақұрылыс ауылдық округінде сондай адамның бірі де бірегейі Елшекен Қуанышбаев ағам еді.

Құлмырза Тілеуов, Қазалы ауданының құрметті азаматы:

– Мен Жаңақұрылысқа 1984 жылы директор болып барып, 1994 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін Елшекеннің талай жақсы істеріне тәнті болдым. Өмірдегі кейбір жағдайларда туған бауырыңнан артық азаматтық қызметін жасады.

Дәл осындай естелікті философия ғылымдарының кандитаты, профессор, Қызылорда облысының құрметті азаматы, бұл күнде өмірден өткен Мұстафа Матайұлы да айтып еді.

– Ортамыздан кетіп, бақи дүниеге аттанған Елшекен Қуанышбаев Қазалы-Арал өңірінде әділдігімен, басшылығымен аты шыққан белгілі адам. Мұны сол өңірді мекендеген жұртшылық жақсы біледі. Бар ғұмырын, қажыр-қайратын туған жеріне, халқына, олардың дамып, өсіп-өркендеп, гүлденуіне арнады. Аянбай еңбек етті. Ауылдың ақылшысы, көпшіліктің ұстазы, заманның белсендісі болды. Ғұмырында атқарған екі қызметі – ұстаздық пен ауылдық кеңес төрағалығын асқан абыроймен мінсіз атқарып, биік беделіне көтерілді. Ол еңбек етудің шынайы үлгісі бола білді, еңбек арқылы елге танылды. Осындай еліне еңбегі сіңген азаматтың есімін жадымыздан шығармай, ұрпаққа аманат етіп қалдыру игілікті іс болар еді. Кейінгілер біліп жүрсін. Туған жерінде – Қазалы, Арал аудандарында есімін есте қалдыратын жұмыстар атқарылса деген ниет-тілегім бар. Елшекен Қуанышбаев бұған әбден лайық жан. Бұл еңбекке құрмет, елге адал қызмет етуге құрмет деп білемін, – деген еді белгілі ғалым.

Автордан: Жоғарыдағы ел ағалары білдірген лебізден асырып ештеңе айта алмаймыз. Марқұм Мұстафадай аяулы ақсақал айтқандай, ендігі жұмыс екі аудан – Қазалы мен Аралға тең қызмет қылған Елшекенді естен шығармай, кейінгі ұрпақ өз ерім деп үлгі тұтар азаматтық келбетін айшықтау. Туғанына 90 жылдығында екі ауданның азаматтары осыны ескерсе деген тілек бар.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 23 шілдедегі № 1179 қаулысы
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде
13.08.2018 жылы № 6401 тіркелген

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 16-бабының 1-тармағына және «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) «Тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

2) «Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.Ж.Сүлейменовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. Көшербаев.**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы «23» шілдедегі № 1179 қаулысына қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 шілдедегі №84 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 1 сәуірдегі №415 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5503 нөмірімен тіркелген, «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2016 жылғы 28 мамырда және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 16 маусымда жарияланған).

2. «Эскизді (эскизді жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 27 мамырдағы №463 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5548 нөмірімен тіркелген, «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2016 жылғы 12 шілдеде және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 11 шілдеде жарияланған).

3. «Эскизді (эскизді жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 27 мамырдағы №463 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 14 қарашадағы №937 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6052 нөмірімен тіркелген, «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2017 жылғы 7 желтоқсанда және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрде эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 12 желтоқсанда жарияланған).

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы «23» шілдедегі № 1179 қаулысымен бекітілген

«Тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны - қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – Өңірлік үйлестіру кеңесі (бұдан әрі – ӨҮК) отырысының хаттамасынан үзінді не «Тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 859 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 16265 нөмірімен тіркелген) бекітілген «Тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) 10-тармағында көзделген жағдайлар мен негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап (бұдан әрі - дәлелді бас тарту).

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны - қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының не сенімхат бойынша оның өкілінің (бұдан әрі – оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттар топтамасымен жүгінуі.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады. Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттар топтамасын ұсыну;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) құжаттардың қабылданғанын растау болып табылады (жиырма минуттан аспайды);

стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттар ұсынылған жағдайларда, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады (жиырма минуттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттарды тіркеу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсыну немесе өтінішті қабылдаудан бас тарту;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды (бір сағаттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдау;

4) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушының жобасын Бағдарламаның шарттарына және «Тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы №35 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 14765 нөмірімен тіркелген) бекітілген «Тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидалары» (бұдан әрі – қағидалар) талаптарына сәйкестігін тексереді, ӨҮК үшін жоба бойынша ұсынымдар әзірлейді, күн тәртібі мәселесін қалыптастырады, ӨҮК отырысының өткізу күнін, уақытын және өткізілетін орнын белгілейді (бес жұмыс күні ішінде);

ұсынылған құжаттар топтамасына ескертулер болған кезде көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне пысықтау үшін нақты кемшіліктерді көрсете отырып қайтарады (үш жұмыс күні ішінде). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: ӨҮК отырысын ұйымдастыру не құжаттарды пысықтау үшін қайтару;

5) ӨҮК көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қарайды және хаттамамен ресімделген көрсетілетін қызметті алушының кредиті бойынша субсидиялау мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы шешім қабылдайды (үш жұмыс күні ішінде). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: хаттаманы ресімдеу және қол қою;

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері ӨҮК мүшелері хаттамаға (хаттамадан үзінді-көшірмелерге) қол қойғаннан кейін хаттамадан үзінді көшірмесін тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне, екінші деңгейлі банктерге және қаржы агенттігіне жолдайды не көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне дәлелді бас тартуды жолдайды (бір жұмыс күні ішінде). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін жолдау;

7) оң шешім болған кезде ӨҮК хаттамасының негізінде екінші деңгейлі банктер, көрсетілетін қызметті алушы мен қаржы агентінің арасында субсидиялау шарты жасалады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;
2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
3) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы;
4) ӨҮК.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) рәсімдері (іс-қимылдары), өзара іс-қимылдары реттілігінің толық сипаттамасы осы регламенттің қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, Қызылорда облысы әкімдігінің, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

«Тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы «23» шілдедегі № 1179 қаулысымен бекітілген

«Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны – қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – «Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 17 наурыздағы №137 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 13610 нөмірімен тіркелген) бекітілген «Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі – стандарт) сәйкес эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу немесе стандарттың 10-тармағымен көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны – қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының не оның уәкілетті өкілінің: құзыретін растайтын құжат бойынша заңды тұлғаның, нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша жеке тұлғаның (бұдан әрі – оның өкілі) Мемлекеттік корпорацияға стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттар топтамасымен жүгінуі.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, олардың орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі Мемлекеттік корпорацияға стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады. Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттар топтамасын ұсыну;

2) Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды тіркейді, көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді немесе стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы және (немесе) мерзімі өткен құжаттар ұсынылған жағдайда өтінішті қабылдаудан бас тартады және стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді (жиырма минуттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттарды қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне беру;

Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушыдан, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімін алады;

3) Мемлекеттік корпорацияның жинақтау бөлімінің қызметкері құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды (бір жұмыс күні ішінде, құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге жолдау;

4) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді (жиырма минуттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттарды тіркеу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсыну;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және жауапты орындаушыны анықтайды (бір сағаттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдау;

6) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды қарайды, егер ұсынылған құжаттар стандарттың 10-тармағында көзделген негіздерге сәйкес келмеген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды (бұдан әрі – дәлелді бас тарту) (төрт жұмыс күні ішінде);

егер ұсынылған құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда құжаттарды техникалық кеңестің қарауына ұсынады (бір жұмыс күні ішінде). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: дәлелді бас тартуды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға ұсыну немесе техникалық кеңес мәжілісінің күн тәртібін дайындау;

7) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы дәлелді бас тартуға қол қояды (бір сағаттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: қол қойылған дәлелді бас тартуды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдау;

8) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері дәлелді бас тартуды тіркейді (бір сағат ішінде). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: дәлелді бас тартуды Мемлекеттік корпорацияға жолдау;

9) Мемлекеттік корпорация қызметкері дәлелді бас тартуды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді (жиырма минуттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: дәлелді бас тартуды беру;

10) техникалық кеңес:

техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі емес объектілердің (бұдан әрі – күрделі емес объектілер) эскизін (эскиздік жобасын) – жеті жұмыс күні ішінде;

техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілердің (бұдан әрі – күрделі объектілер) эскизін (эскиздік жобасын) – он екі жұмыс күні ішінде;

қолданыстағы объектінің сыртқы келбетін (қасбетін) өзгерту кезіндегі (бұдан әрі – қасбетін өзгерту кезінде) эскизді (эскиздік жобасын) – он екі жұмыс күні ішінде қарайды. Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: хаттамалық шешімді көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдау;

11) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы хаттамалық шешімнің негізінде эскизді (эскиздік жобаны) келісу жобасын дайындайды (бір жұмыс күні ішінде). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: эскизді (эскиздік жобаны) келісу жобасын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға ұсыну;

12) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы эскизді (эскиздік жобаны) келісу жобасына қол қояды (бір сағаттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: қол қойылған мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдау;

13) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін тіркейді (бір сағаттың ішінде). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жолдау;

14) Мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді (жиырма минуттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) мен өзге ұйымдардың өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) мен өзге ұйымдардың тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорация қызметкері;
2) Мемлекеттік корпорацияның жинақтау бөлімінің қызметкері;
3) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;
4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
5) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы;
6) техникалық кеңес.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) рәсімдері (іс-қимылдары), өзара іс-қимыл тәртібі реттілігінің толық сипаттамасы, сондай-ақ өзге де көрсетілетін қызметті берушілер және (немесе) Мемлекеттік корпорациямен өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы осы регламенттің қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, Қызылорда облысы әкімдігінің және Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктерінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

«Эскизді (эскиздік жобаны келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2018 жылдың 15 тамыздағы ұйғарымымен “Энергия” ҚК” ЖШС-на (БСН 051140001449) қатысты оңалту рәсімін қолдану бойынша азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.

Барлық талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29 үй.

КІРПІШ САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады. Өлшемі 250х 120х88 мм, 250х120х65мм.

Байланыс тел.: **8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.**



(12-7)

ЖЫЛ САЙЫНҒЫ «АЛТЫН ТОБЫЛҒЫ» ӘДЕБИЕТ ЖҮЛДЕСІНЕ КОНКУРС ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры тағайындаған «Алтын тобылғы» әдебиет жүлдесін (бұдан әрі – Жүлде) беру тәртібін белгілейді.

2. Жүлденің мақсаты – қазіргі заманғы Қазақстанның көркем әдебиетін дамыту, қолдау көрсету және насихаттау.

3. Жүлденің міндеттері:

1) жаңа ұрпақтың қазіргі заманғы көркем әдебиеттегі өмірлік философиялық қағидаттарын бейнелейтін жас қазақстандық қаламгерлерді анықтау және көтермелеу;

2) тың әдеби үрдістердің қалыптасуына қолдау көрсету;

3) қазіргі заманғы әдебиеттегі жаңа есімдерді көпшілік қауымға таныстыру.

4. Жүлденің құрылтайшысы мен ұйымдастырушысы – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры (бұдан әрі – Жүлде құрылтайшысы немесе Н.Назарбаев Қоры).

Жүлдені тағайындау бойынша конкурс өткізудің серіктестері: Қазақстан Жазушылар одағы және Мемлекеттік тілді дамыту қоры.

5. Жүлде конкурс негізінде төмендегі номинациялар бойынша тағайындалады:

1) «Жылдың үздік прозасы»;
2) «Жылдың үздік поэзиясы»;
3) «Жылдың үздік драматургиясы»;
4) «Жылдың балаларға арналған үздік шығармасы»;
5) «Астананың 20 жылдығы» тақырыбына арналған үздік әдеби туынды.

6. Әрбір номинация жеңімпазына «Алтын тобылғы» әдебиет жүлдесінің лауреаты атағы және 1 миллион теңге көлемінде сыйақы беріледі. 1,5 миллион теңге көлеміндегі арнайы сыйақы «Астананың 20 жылдығы» тақырыбына арналған үздік әдеби туынды номинациясы жеңімпазына беріледі.

2. Өткізу тәртібі

Конкурс басталғаны туралы хабарландыру Н.Назарбаев Қорының сайтында www.fpp.kz және бұқаралық құралдарында жарияланады.

Шығармалар 2018 жылғы 1 шілдеден 1 қарашаға дейінгі аралықта қабылданады.

Конкурстың қорытындысы 2018 жылғы желтоқсанның бірінші онкүндігінде жарияланады.

3. Жүлдеге әдеби туындыларды ұсыну тәртібі

1. Конкурсқа 18-35 жас аралығындағы жас қаламгерлердің қазақ және орыс тіліндегі шығармалары қабылданады.

2. Бір автор тек екі номинацияға қатысуға құқылы.

3. Авторлық жұмыстарға қойылатын талаптар:

1) Конкурсқа бір автордың бұрын еш жерде жарияланбаған екі шығармасы ғана қабылданады;

2) конкурсқа бейнормалық қолданыстағы сөздер кездесетін, этикалық нормалар мен авторлық құқықтары бұзылған шығармалар қабылданбайды;

3) шығарма А-4 форматында, мәтіні 14 көлеміндегі Times New Roman қарпімен 1,5 аралықта терілуі керек. Мәтіннің көлеміне қойылатын шектеу:

- проза үшін – 35 беттен кем емес;
- поэзия үшін – 5 беттен кем емес;
- драмалық шығарма үшін – 30 беттен көп емес;
- балалар әдебиеті үшін – 25 беттен көп емес;
- «Астананың 20 жылдығы» тақырыбына арналған түрлі жанрдағы әдеби шығарма (проза – 35 беттен кем емес; поэма – 5 беттен кем емес; драма – 30 беттен көп емес; балалар шығармасы – 25 беттен кем емес).

4) Конкурсқа жіберілетін өтінім «Алтын тобылғы» деген белгі қойылып бір конвертпен мынадай тәртіппен жіберілуі керек:

Конвертке бөлек салынатындар 1) автордың аты-жөні көрсетілмей бір данада басып шығарылған шығарма, 2) автордың өзі туралы мәліметтер осы конверттің ішінде жеке конвертте болуы тиіс: аты, тегі, әкесінің аты, туған жылы, тұрғылықты мекенжайы, байланыс телефондары, e-mail.

4. Өтінімдер поштаменАстана қаласы, А.Бөкейхан көшесі, 1 үй, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры мекенжайына және at2018@fpp.kz электрондық пошта бойынша жіберілуі тиіс.

5. Конкурсқа қатысуға өтінім бере отырып, автор:

1) өзінің авторлығын растайды;

2) Жүлденің ұйымдастырушыларына шығармаларды бұқаралық ақпарат құралдарына, Ұйымдастырушының ұйғарымы бойынша жинақтарда және ғаламторда жариялауға рұқсат береді;

3) авторлық гонорарды талап етпейді.

6. Қабылданған шығармалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

7. Жұмыстарды Конкурсқа жіберуге және салтанатты марапаттау рәсіміне қатысуға байланысты шығындарды қатысушылар өздері өтейді.

4. Жеңімпаздарды анықтау тәртібі

1. Қолжазбаларды бағалау және Жүлде жеңімпаздарын (лауреаттарды) анықтауды Конкурстың Құрылтайшысы елімізге танымал ақын-жазушылардан, баспа өкілдерінен, сондай-ақ байқау құрылтайшылары мен серіктестері өкілдерінен жасақтаған (7 адамнан кем емес) Қазылар алқасы жүзеге асырады.

2. Қазылар алқасының құрамы мен Төрағасын Конкурстың Құрылтайшысы бекітеді.

3. Қазылар алқасының Жүлденің талаптарына сәйкес келмейтін шығармаларды қарамауға (сонымен қатар анонимді шығармаларды) құқы бар.

4. Конкурсқа ұсынылған шығармалар қазылар алқасы мүшелеріне анонимді түрде жіберіледі (автордың есімі аталмайды).

5. Қорытынды шешім қазылар алқасының жалпы санынан кемінде 2/3 кворумы болған жағдайда ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

6. Конкурсқа ұсынылған туындыларды әділ бағалау үшін барлық жұмыстар анонимді түрде қаралады. Конкурсқа ұсынылған жұмыстарды бағалау кезінде шығарманың өзектілігі мен автордың ойлау дербестігі, ұстанымы, баяндау реттілігі мен мағыналылығы, идея ерекшелігі, әдеби-көркем құндылығы, эстетикалық әсер тереңдігі басшылыққа алынады.

7. Қорытынды шешім қабылданғанға дейін анонимділік сақталады.

8. Қазылар алқасының шешімі ақырғы болып табылады және қайта қаралмайды.

9. Конкурсқа лайықты шығармалар түспеген жағдайда, Қазылар алқасы Ұйымдастырушыларға сол номинация бойынша жүлдені толығымен бермеуге немесе жартылай беру туралы ұсыныс жасауға құқылы.

«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басқарма басшыларының жеке және заңды тұлғаларының өкілдерін ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні және уақыты	Мекен-жайы	Байланыс телефоны (алдын ала жазылу, анықтамалық бөлме №1005)	Сенім телефоны
Намаев Бахытжан Біләлұлы	Басқарма басшысы	Әр аптаның дүйсенбі күні 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі,42 № 1005 бөлме	8 /7242/ 70-03-78, 8 /7242/ 70-54-87	8 /7242/ 70-03-78
Досжанов Азамат Мақсұтұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның сәрсенбі күні 15.00-ден 17.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі,42 № 1006 бөлме	8 /7242/ 40-10-55	
Болатбеков Дінмұхамед Сағатбекұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның жұма күні 15.00-ден 17.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі,42 № 1007 бөлме	8 /7242/ 40-10-61	

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мемлекеттік қызметшілердің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңдары мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі талаптарының бұзылуына жол бермеуі мақсатында «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінде **8 /7242/ 70-03-78** «Сенім телефонына» жүгінуге болатындығын хабарлайды. Электронды пошта: **oblkasipkerlik@korda.gov.kz**



БАҚҰЛ БОЛ, АРДАҚТЫ АҒА!

Үстіміздегі жылдың 16 тамызында денсаулық саласының ардагері Құрманғалиев Дәден Құрманғалиұлы өмірден озды.

Дәден Құрманғалиұлы 1942 жылы Сырдария ауданы, Маханбет ауылында дүниеге келген. 1964 жылы Ақтөбе қаласындағы медициналық институтты “Емдеу ісі” мамандығы бойынша бітіріп, Сырдария аудандық туберкулезге қарсы диспансерінде дәрігер болып алғашқы еңбек жолын бастаған. Осы диспансерде 1998 жылға дейін бөлім меңгерушісі қызметін абыройлы атқарып, кейін қалалық туберкулезге қарсы диспансерінде аймақтық фтизиатр, рентгенолог дәрігері болып құрметті зейнет демалысына шықты.

Ардақты ағамыз өз ісін жақсы білетін маман, ақылшы ұстаз, үздік ұйымдастырушы, жоғары санатты дәрігер екенін көрсетті. Ақыл-парасатымен және мейірімділігімен ұжымды біріктіріп, білікті дәрігер ретінде жастарды медицина саласының қыр-сырын үйретуден жалықпады.

Дәден Құрманғалиұлының медицина саласындағы атқарған еселі еңбегі бағаланып, “ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі”, “Ерен еңбегі үшін” медальдарымен, облыстық денсаулық сақтау басқармасының құрмет грамоталарымен марапатталған. Әріптес ағамыз отбасында ардақты әке, аяулы жар, немерелерінің сүйікті атасы бола білді.

Бақұл бол, ардақты аға. Жатқан жеріңіз жайлы, иманыңыз жолдас болсын.

Облыстық туберкулезге қарсы диспансер ұжымы.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісінің үздігі», еңбек ардагері **Құрманғалиев Дәден Құрманғалиұлының** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы ұжымы және медицина қызметкерлері Қадыркүл Мейрамқызына жұбайы, Аида Дәденқызы мен Алмат Дәденұлына әкелері **Дәден Құрманғалиұлының** қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда

Жаңарған қаланың жасанған келбеті

Іргесі қаланғанына екі ғасыр болған тарихи шаһар өз мерейтойын айтулы жетістіктермен қарсы алуға әзірленуде. Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық маңызды мәселелері кезең-кезеңімен шешімін тауып келеді. Қаланың инженерлік, коммуналдық инфрақұрылымын дамытуда, жол сапасын жақсартуда кешенді шаралар қабылданып, шаһар қарқынды құрылыс алаңына айналды.

Соңғы 5 жылдың ішінде Қызылорда қаласының ауыз су инфрақұрылымын дамытуға 16 млрд теңгеге жуық қаржы тартылды. Қазір еліміз бойынша қалаішілік су құбырлары 70 проценті толық жаңартылған, толығымен таза жерасты ауыз суын тұтынып отырған бірден-бір қала – Қызылорда.

Шаһарда жылу желілерін жаңарту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Соңғы 5 жылда қаладағы магистральды жылу желілерін жаңартуға 8 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалды.

Қалаішілік қоғамдық көлік қатынасының сапасын арттыру мақсатында жалпы аумағы 5 гектарды құрайтын жаңа үлгідегі автобус паркі пайдалануға берілді. Бұл парктің ерекшелігі қоғамдық көліктердің техникалық жағдайын бақылаудан бастап, көлік жүргізушілері мен қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыруға қажетті барлық материалдық-техникалық базамен жабдықталған. Тұрмысы төмен отбасыларынан шыққан оқушылар мен студенттердің қоғамдық көліктерде жеңілдікпен жүруіне облыстық бюджеттен қаржы бөлінді.

Соңғы жылдары Қызылорда қаласында тұрғын үй құрылысы ерекше қарқын алып, халықты баспанамен қамту көрсеткіші еселеп артты. Осындай ауқымды жобалардың нәтижесінде, соңғы 5 жыл көлемінде қаламызда жаңадан 14 шағын аудан бой көтеріп, 7 мыңға жуық адам жаңа пәтерге ие болды. Облыста атқарылған құрылыс жұмыстарының 43,8 проценті Қызылорда қаласының үлесінде.

Былтыр Қызылорда қаласының бас жоспарына сәйкес Сырдария өзенінің сол жағалауынан жаңа қаланың құрылысы басталды. Сол жағалауда құрылыс компанияларының өз қаражаты есебінен 5 қабатты 18 тұрғын үй, 320 орындық балабақша, «Болашақ» университетінің студенттер қалашығы, жастар орталығы салынуда. Осы аумақта көпсалалы облыстық аурухана, мектеп, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында емхана құрылысын салу жоспарланған.

Қызылорда қаласында апатты жағдайдағы тұрғын үйлердің мәселесі түбегейлі шешілді. Соңғы 5 жылда қала бойынша 123 көпқабатты тұрғын үй күрделі жөндеуден өткізілді.

Қалаға қарасты бірнеше елді мекендер көгілдір отынға қол жеткізді. Бүгінде Қызылорданың газдандыру көрсеткіші 100 процентке жақындап қалды.

Соңғы 5 жылда қалада жол құрылысын дамытуға 23 млрд теңгеден астам қаржы тартылып, 500 шақырымға жуық жол орташа, күрделі жөндеуден және қайта жаңғыртудан өтті.

Облыс бойынша нақты жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің 50 %-і Қызылорда қаласының үлесінде. Жыл сайын кәсіпкерлердің қаражаты есебінен жүздеген кәсіпкерлік нысан іске қосылып, жаңадан жұмыс орындары ашылуда.

Әр атқарылған істің әділ сыншысы, адал ниетті қолдаушысы – халық қала инфрақұрылымының адамдарға ыңғайлы бола түскеніне, өмір сүруге қолайлы қалаға айналудың алғышарттары күннен күнге көбейіп келе жатқанына дән риза. Өйткені мұндағы әрбір тұрғын қаланың дамуына, өмір сапасының жақсаруына мүдделі.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы».

БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕ БАСТАЛДЫ

Бүгін күллі әлем назар тіккен XVIII жазғы Азия ойындары басталды. Байрақты бәсеке Индонезия астанасы Джакарта мен Суматра аралының ең үлкен қаласы Палембангта өтеді.

Азиадаға мамандар қазірдің өзінде мульти-спорттық шара ретінде баға беруде. Спорт додасы 2 қыркүйекке дейін созылады. Құрлықтық жарысқа еліміздан 440 спортшы қатыспақшы. Кіл мықтылар бақ сынайтын спорт додасына Сыр өңірінен 17 спортшы барады.

Сыр саңлақтары 9 спорт түрінен бақ сынайды. Олардың ішінде Мерей Медетов байдарка және каноэде есуден сынға түссе, Мөлдір Жаңбырбай каратэ-додан ел намысын қорғайды. Сондай-ақ, таеквондодан Айнұр Есбергенова, самбодан Динара Қодарова, велоспорттан Роберт Гайнеев пен Асылхан Тұрар сайысқа түседі. Гандболдан ел құрамасы сапында Дана Әбілда, Мария Пупченкова, Татьяна Давыдова, Наталья Ильина, Виктория Колотинская, Вероника Хардина ойын көрсетсе, көгалдағы хоккейде Гузаль Бахавадин мен Алиса Чепкасова құрама жейдесін киеді. Курашқа шығатын Арайлым Қанзада мен Нұрлыбек Алдабергенов белдескен қарсыласына оңайлықпен дес бермейтін палуандар. Стенд ататын Максим Коломоецтен де үміт күтуге болады.

Джакартадағы Азия ойындарында жалпы есебі 462 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Мұның 363 жүлдесі олимпиадалық спорт түрлеріне тиесілі екенін айта кеткен жөн. Оның үстіне биыл Азия ойындарының бағдарламасынан нысана көздеу және стенд атудан командалық жарыс пен бокстан ерлер арасында ауыр салмақ дәрежесі (81 келі, 91 келі, +91 келі) алынып тасталды.

Қазақстан құрамасының барлық спортшысы кешендіғылыми топ мамандарымен жабдықталған. Аталған топ мүшелері Қазақстан ҰОК бастамасымен олимпиадалық спорт түріндегі командалармен жұмыс жасайды. Джакарта мен Палембангта дәрігерлер штабы, психологтар мен кезекші массажшылар тәулік бойы қызмет көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда, ел намысын қорғайтын оғландарға барлық жағдай жасалған. Тек бабы мен бағы қатар келсе болғаны.

А.АҚЫЛБЕК.

ЖЕҢІМПАЗ РАЙЛЯ

Жерлесіміз Райля Қорғанбаева Алматы қаласында пара пауэрлифтингтен өткен ҚР чемпионатында алтын медаль иеленді.

Отбасының ұйытқысы, қызметте тәжірибелі маман, спортта чемпион атану қарапайым қазақ қызының «тастай берік, гүлдей нәзік» мінезі мен қайратын көрсетті. Таласқа толы тартысты доданың жеңімпазы Райля Қорғанбаева – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы облыстық филиалының қызметкері.

Райля 15 жылдан бері мемлекеттік корпорацияның жерді іздестіру, мониторингілеу және зертханалық зерттеу басқармасында табысты қызмет атқарып келеді. Жұмыста тірлігі тиянақты қызметкердің спорттағы серпіні де таңғаларлық. Бүгінде ол – ҚР спорт шебері, 12 дүркін Қазақстан чемпионы, Қазақстан және облыс құрамасының мүшесі. Жеңіл атлетикадан жеткен жетістіктері бір төбе, сондай-ақ шахматтан, дойбыдан, қол күрестен түрлі дәрежедегі халықаралық жарыстарда, ел біріншіліктерінде жүлделі орынды еншілеген.

Жалпы спортта озық болу үшін ерекше ептілік, еселі еңбек қажет екені белгілі. Биылғы ҚР чемпионаты Райляның жауапкершілігі мен еңбекқорлығын танытып, спортшы қыздың жеке көрсеткішін жоғарылатты. Енді ол келесі жылы елордада өтетін Әлем чемпионатына дайындалады.

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ.

OQYRMAN OLJASY

ЖАҢА КІТАПТЫҢ ЖАРҚЫН БЕТТЕРІ



Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада жазушы-журналист Жүзбай Таңрықбаевтың «Тағдырлар тоғысы» атты жаңа кітабының тұсаукесер рәсімі болып өтті.

Мерейлі сәттің ашылуында облыстық ішкі саясат басқармасының бөлім басшысы Ш.Нұртаева мен «Сыр медиа» ЖШС бас директорының орынбасары М.Аралбаев сөз алып, тәуелсіз еліміздің тұсындағы еңбек адамдарының тағдырлы жолдарын, табысты жылдарын көркем сөзге арқау еткен авторға шығармашылық табыс тілеп, сый-сияпат табыс етті.

Мұнан соң ардагер журналист Ө.Жаппархан мен М.Шоқай ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Е.Жұмаділов кітаптың көк желегін қиды. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі М.Нұрханов кітаптың мән-мазмұнына тоқталды.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Біз «Жаныңда жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама заманда-старымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш» – деген аталы сөздер бар.

Ж.Таңрықбаевтың жаңа кітабы дәл осы мазмұнға жауап беретін туынды. Оның жарқын беттерінде жақсы адамдардың өмір жолдары тізілген.

Тұсаукесерде белгілі кәсіпкерлер һәм руханиятшыл азаматтар Т.Әлімқұлов, Н.Қалекеев, О.Қуанышбаев сөз алып, өздеріне әрдайым ақпараттық қолдау көрсетіп отырған авторға алғыс білдірді. Себебі Ж.Таңрықбаев өз қажыр-қайратымен облыстық «Кәсіпкер келбеті» газеті мен республикалық «Кәсіпкер және мәдениет» журналын үзбей шығарып келе жатқан баспасөз саласының да беделді өкілі.

Осылайша, облыстық кітапхана сөресі тағы бір ақыл азығымен толықты.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы».

OQIĞA

АЖАЛДАН ҚҰТҚАРДЫ



Жаз айларында салқындаймын деп суға түсіп, оның қаупін елемеудің салдары талайларды өкінішке қалдырып жүргені белгілі. Осындай оқыс оқиғаның бірі жуырдағы демалыс күні сәл болмағанда Шиелі ауданында да қайталана жаздады.

Аудан көлеміндегі Бәйгеқұм көліне Қызылорда қаласынан келген бір топ демалушылардың арасындағы 22 жасар жігіт көл ортасында қайықтан секіріп түсіп, жағаға дейін жүзіп бармақшы болады. Ол көл суының ақпайтын, ауыр болатындығын ескермеген секілді. Бастапқыда малтығанымен, сәлден соң-ақ құлашы жазылмай суға бата бастайды. Оны жағаға шығарғанша, жігіттің аяқ-қол тамырлары тартылып, жүрек соғысы да бәсеңсіген. Абырой болғанда осы маңда серуендеп жүрген ерлі-зайыпты дәрігерлер Қошқарбаевтар оқиға орнынан табылып, алғашқы жедел көмекті өте сауатты атқарып шығады. Қызылорда облыстық орталық ауруханасында хирург қызметін атқаратын Нұрбол мен облыстық балалар ауруханасының УЗИ маманы Айжан осылай адам денсаулығына төнген қауіптің бұлтын сейілтті. Іле-шала төтенше жағдай органы құтқарушыларының көмегімен жас жігіт Шиелі аудандық ауруханасына жеткізілді.

Шиелі ауданы ауруханасының терапия бөлімінің меңгерушісі Бақыт Ысмағұлованың айтуынша, жігіт ауруханаға түс мезгілінде, өте ауыр жағдайда келіп түскен. Жалғас Абдухожаев пен Ерлан Сартбаев есімді дәрігерлер ауыр жағдайда жатқан жігітті реанимация бөліміне қабылдап, шұғыл әрекет жасаған. Жігіттің тыныс алу жолдарына зақым келіп, өздігінен дем ала алмағандықтан ИВЛ аппараты қосылған. Ертесіне ғана арнайы аппарат алынып, жігіт өзі демалатын жағдайға жетіпті. Есін де жинапты. Реанимация бөлімінде 4 күн жатып, кейін терапия бөліміне ауыстырылды.

Жігіттің жағдайы жақсару үшін Шиелі ауданы ауруханасының қызметкерлері барынша тер төкті. Науқас өте көп мөлшерде су жұтып қойғандықтан ем-шара қабылдау барысында Ақтілек Даниярова физикалық кабинетте арнайы жаттығулар жасатып, тыныс алу жолдарын ретке келтірді. Ем-шараның барлығы нәтижелі аяқталып, 15 тамыз күні ол ауруханадан шығарылды.

Баланың ата-анасы құтқарушыларға және Шиелі аудандық ауруханасының дәрігерлеріне алғысын білдірді. «Сақтансаң – сақтаймын» дегенді естен шығармаған жөн. Барынша абай болып, қандай жағдай болмасын сақтық шараларын қамдап жүргеніңіз абзал демекпіз.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Шиелі ауданы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазалы ауданының Әйтеке би кентінде 2018 жылдың 1 қазанында қалааралық «Қазалы Керуен» автовокзалы ашылады.

Автовокзал ғимаратының ішінде – сауда орындары, аумағында – сауда павильондары, техникалық жөндеу станциялары жалға (оның ішінде сатып алу құқығымен) беріледі. Қала-аудандық көлік-такси, микроавтобус көліктеріне автотұрақ бойынша сұраныс бірінші кезекте ескеріледі.

Байланыс телефондары: 8(7242) 26 -37-87; 8 775 392 12 56; 8 700 111 67 59; 8 702 224 31 33; E-mail: kazaly-keruen@mail.ru

(10-6)

Кезекші редактор **Сара АДАЙБАЕВА.**

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ" - ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28732
Тапсырыс №1313

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".
e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz